



АФРИКА ҚҰРЛЫҒЫ саяси ойын алаңына айнала ма?

3



Қазақ хандығы дәуірі: АЛАСАПЫРАН ЖЫЛДАР АҚИҚАТЫ «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаға» – 300 жыл

10



АЛЬЦГЕЙМЕРМЕН АЛЫСҚАН АПА

16

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №143 (6436) 30 қараша, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

Алматы қаласы мәслихаты:

МЕГАПОЛИСТЕГІ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР

тұрақты комиссиялар назарында



Алматы қаласы мәслихатының баспасөз орталығы хабарлағандай, Құрылыс, сәулет, урбанистика және жер қатынастары жөніндегі тұрақты комиссия отырысында қаладағы әлеуметтік маңызы бар білім беру, денсаулық сақтау, спорт және мәдениет, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің құрылысы, оның ішінде нысандарды сейсмикалық күшейту, реконструкциялау мәселелері қаралды.

2

ЖҰМЫССЫЗДАР МІНБЕРІ

Жастарды жұмысқа орналастыру үшін
Jobfair365 бірыңғай платформасы құрылды

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы жастардың жұмыс іздеуіне арналған Jobfair365 бірыңғай платформасын іске қосты. Қызметкер тізімін <https://jasalmaty.kz/> сайтынан көруге болады.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Бағдарлама үш аспектіні қамтиды, яғни жастарға өз мамандығы бойынша жұмыс табуға көмектесетін жұмысқа орналастыру қызметі, білім беру бағдарламаларына қол жеткізуді қамтамасыз ететін тегін курстар қызметі және қаламыздың жастарына арналған ақпараттық портал.

Сонымен қатар, сайтта сертификат беретін орыс және қазақ тілдеріндегі қысқа мерзімді курстар бар.

Қысқа мерзімді курстардың тізімін анықтау үшін еңбек нарығындағы сұранысқа талдау жүргізілді. Талдау жастарды табысты жұмысқа орналастыру үшін қажетті өзекті әрі сұранысқа ие мамандықтарды анықтауға мүмкіндік берді. Осылайша курстар ақпараттық техноло-



гия, цифрлық маркетинг, қаржы, бухгалтерлік есеп, жобаны басқару, кәсіпкерлік, дизайн, сату менеджері, SMM менеджері, мобилограф, графикалық дизайнер, таргетолог, туроператор, гид, курьер, хаускипер және т.б. салаларды қамтиды.

Курстың бағытына байланысты сабақ 20-дан 30-ға адамға дейінгі топқа өткізі-

леді. Пайдаланушылар аптасына 3 рет 2-3 сағат оқиды, онда оқытудың теориялық бөлігі 1 айдан 1,5 айға дейін созылады.

Қазіргі уақытта порталда 3,7 мың бос жұмыс орны бар және 20 өңірден 1,5 мың жұмыс беруші тіркелген. Бүгінде 10,2 мың адам оқытылды, оның 9,2 мыңы жұмысқа орналастырылды.

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

30.11.2023

Түнде:



+5+7 °C
Бұлттылықтың ұлғаюуы,
таңертең жаңбыр, тұман.

Күндіз:



+5+7 °C
Бұлттылықтың ұлғаюуы, кей
уақытта жаңбыр, тұман.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

1.12.2023

Түнде:



+1+3 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жауын-шашын (көбінесе
жаңбыр), тұман.

Күндіз:



+6+8 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

www.almaty-akshamy.kz





ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Алматы қаласы мәслихаты:

МЕГАПОЛИСТЕГІ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР

тұрақты комиссиялар назарында



(Басы 1-бетте)

- Мәслихатта сондай-ақ, қала маңындағы маршруттарды ұлғайту үшін қолайлы жағдайлар да талқыланды.

Коммуналдық инфрақұрылым, энергетика, сумен жабдықтау және қалалық мобильділік жөніндегі тұрақты комиссиясының мүшелері қалаға қатынауды жетілдіруге және тұрғындар үшін ғана емес, сондай-ақ Алматы агломерациясын дамыту, атап айтқанда, қала маңындағы маршруттарды ұлғайту үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған мәселелерді талқылады. Тасымалдаушыларға шығындарды өтеуді талап етпейтін заңдағы өзгерістерге байланысты мәслихаттың 2015 жылғы 15 қыркүйектегі шешіміне өзгерістер енгізу туралы сұрақ қаралды. Мә-

селен, осы санаттағы адамдар үшін қоғамдық көлікте жеңілдікпен жол жүру құқығы жергілікті бюджеттен қаржыландыруды талап етпей, күшінде қалады. Жаңа нормалар заңнамадағы өзгерістерге және жеңілдіктер анықтамаларына сәйкес келеді. Осылайша жергілікті бюджеттен шығыстар жылына 452 млн теңгеге қысқартылатын болады.

- Қала тұрғындарының жайлы тұрмыс-тіршілігін және қала маңындағы қатынастарды дамыту үшін жаңа маршруттарды ұйымдастыруға да көп көңіл бөлінбек. 2024 жылдың соңына дейін 30 жаңа қала маңындағы маршруттарды ашу және көлік байланысын жақсарту жоспарланған.

АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЖОЛДАУ – 2023

ҚАЗАҚСТАН – ЛОГИСТИКАЛЫҚ АЛТЫН КӨПІР

Қазақ елі қуатты мемлекеттер қатарына қосылып келеді. Ол үшін ең әуелі ішкі нарық пен сыртқы сауда қатынасын жандандыра берген жөн. Осы бағытта атқарылып жатқан істер баршылық.

Елде Әділетті Қазақстан бастамасы бойынша бірқатар игі істер атқарыла бастады. Бүгінгі атқарылып жатқан жобалар ертеңгі күнге нәтиже берері айқын. Биылғы Жолдауда көтерілген экономикалық тетіктер туралы Алматы қалалық қоғамдық кеңесінің мүшесі, белгілі экономист Бекнұр Қысықовпен тілдескен едік.

ӘДІЛ ҚОҒАМДА ШЫНАЙЫ
БӘСЕКЕ ҚАЛЫПТАСАДЫ

– Жолдау бірыңғай экономикалық бағытта жарияланды, ой-пікіріңіз...

– Қазір экономикалық ахуал тек Қазақстанда емес, барша әлемде оңай емес. Ол жағын өздеріңіз көріп-біліп отырсыздар. Іргедегі елдерге санкция салынып жатыр. Геосаяси жағдай шатқайқтап тұр. Негізінен жағдайымыз көршілерге тікелей байланысты. Оларда тағдырлы кезеңдерден өтіп жатыр. Қытай, Парсы шығанағындағы Иран, Ресей, Орталық Азиядағы түбірлес түркі елдері, бәрі-бәрімен тығыз байланысқанбыз. Біз ең құрығанда Швейцария немесе Словения сияқты Еуропаның ортасында болсақ әлдеқайда оңайырақ болар еді. Сондықтан дипломатиялық арақатынас аса маңызды рөл ойнап тұр.

Мемлекет басшысы халықаралық саясатты бағамдап, дұрыс дипломатиялық құралды қолданып келеді. Бір нәрсені анықтап алайықшы. Экономикадағы бірінші ұстаным, ол – қауіпсіздік. Бізде қауіпсіз, тыныштық және татулық болса, сонда экономикада өркендеу жалғаса береді.

Осы уақытқа дейін шикізатты ел болдық. Барша қазба-байлықты экспорттап отыра бердік. Өзіміз ештеңе өндірмедік. Уағында 100 зауыт, 100 фабрика саламыз деген еді, аяғы сиырқұйымшақтанып кетті. Сол бастамалардың жұмыс істегенін көрмедік. Демек, инфрақұрылымды дереу жақсарту қажет деген сөз. Қарапайым айтқанда, сіріңке, азық-түлік болсын шеттен алдырамыз. Тек мұнай мен газға сеніп, өңдеймей сыртқа сатып келдік. Енді ойланайық.

Бұл жолғы Жолдаудың бірыңғай экономикалық өзгерістерге бағытталуы өте тиімді. Дәп қазір барынша басымдық беретін салалар – инфрақұрылым мен логистика. Ең бастысы, қаржы жағынан әділдік орнауы керек. 162 олигархтың қо-

лына бар байлығымызды жинап бергеніміз жарамас. Алпауыт бай-манаптар экономикамыздың бәрін билеп-төстеп уысында ұстап алған. Ондайға жол бермейік.

МҰНАЙ ӨНДЕЙТІН
ЗАУЫТ ҚАЖЕТ

– Өндеуші өнеркәсіпке бет бұрдық, нақты нені өндеу қажет?

– Өте жақсы сұрақ! Бұны бұрыннан ойлап жүргенмін. Қазақстанға 2005–2007 жылдары американдық экономист, профессор Майкл Портер келген. Ол дүние жүзі бойынша «кластерлік экономика» әдісін дамытқан. Сонымен бірге, бірқатар өңірлерге байланысты экономикалық бағыт-бағдар құрып берді. Нақтырақ, оңтүстікте – мақта-мата өнімдері, батыс аймақтарда мұнай мен газға байланысты өндеуші зауыттар, турбалар шығару және т.б. идеясын жасағандығын. Американдық қаржы сарапшысының «Ұлттық бәсекелестіктің артықшылықтары» дейтін кітабында түрлі-түрлі идеялары бар. Өр ұлттың қандайда бір өнім өндіру бойынша өз дағдысы болуы қажеттігін айтқан болатын.

Бізге оттық, тіс пастасы деген сияқты заттар емес, ірі-ірі өнім шығаруды мықтап қолға алған дұрыс. Өліге дейін мұнай жер астынан шығып тұр. Осыны бар кезінде пайдаланып, әртүрлі қоспа өнімдерін әзірлей аламыз. Өзімізде мұнайдан – каучук, дәрі-дәрмек және бензин, солярка көптеп өндірейік. Бұрынғы 2-3 зауыттың қуаттылығы жетпейді. Заман талабына сай емес-ті. Қазақ елінде неге 5 мұнай өңдейтін зауыт салмасқа?! Кейде жанар-жағармай тапшы болып қалады. Егер мұнай өңдейтін зауыттар көбейсе өзімізге көп пайда болар еді. Батыс Қазақстанда шикі газ құрдан-құр далада жанып жатыр. Израильде жол-жөнекей газдың бәрін жылыжай өсіруге пайдаланады. Еліміздің Ақтау, Атырау, Ақтөбе мен Орал өңірінде жеміс-жидек жетіспейді. Мінеки, сол облыстар-



да газ бар, содан жылыжайларды салып көкөніспен қамтуға болады ғой.

Жайылымдық жерлеріміз үлкен. Соны да пайдаланып, іс қылайық. Мысалы, Аргентина жылына 3 рет егін егеді. Етті сыртқа экспорттайды. Кеше ғана Оңтүстік Кореядан келдік, сонда Аргентиналық ет өнімдері сатылады екен. Ет өнімдерін дәп солай көбейтіп, сатайық та. Сүт өнімдері екі бастан істелетін іс еді, қолдан келетін шаруа емес пе? Нан өнімдерін неге өндірмеске? Мысалға, Дубайда нанның бағасы 1000 теңгеге дейін барады. Өзімізде нанды көптеп өндіріп сатайықшы, пайдаға кенелеміз. Бидайды шикілей сата бергенше, макарон, рожки жасап, ішкі нарықтың өзін қамтамасыз етіп алайық. Пиццаға да үн керек. Күріш те жетеді. Спагетти жасап саудалайық, ешкім қолымызды байламайды. Ауыл шаруашылығын дамытсақ, пайда үстіне пайда түсер еді.

Тағы да тереңдетіп логистиканы айтып өтейін. Қазақ даласының жағрафиялық орналасқан жағдайы жақсы. Шығыста – Қытай, солтүстік-батыста – Ресей, оңтүстікте – ислам елдері қоныс тепкен. Осыны логистикаға қолданайық. Ресей – Өзбекстан тарапына Қазақстан арқылы шығады. Ал Орталық Азия елдері де Ресейге – Қазақ территориясымен ғана байланысады. Қытай да солай. Қазақстан – логистикалық алтын көпір. Мұның бәрі ғаламат ақшаға кенелтеді. Жаһанда тауар айналымы деген өте жоғары бағаланады. ҚХР сыртқа өнімді барынша сатып, жанталасады. Біз 80–90% жолдарымызды солтүстіктегі көршіге бұрып қойғанбыз. Парадокс! Олар санкцияға ұшырап жатыр. Енді не болып жатқандығын түсінген шы-

ғарсыз. Сол себепті, логистиканы бір тараптан емес, жан-жақтағы көршілермен теңдей байланысып жүргізген жөн. Әрине, бәрімен дос болайық, шатылып керек емес. Мысалға, баршасымен қатынас 50/50 болған дұрыс. Қазір енді Әзербайжан арқылы Түркия, Грузиямен қатынас жасауға нықтап кірістік. Транзиттік әлеуетіміз өте күшті. Қазақ еліне әуе жолдары, теміржол бағыттары, автомобиль қатынасы, бәрі-бәрі көп пайдалы. Бізге негізі Жаратқан Йеміз мүмкіндікті де аямай берген. Шүкір! Ең бастысы, қазақ жұрты соны ұқсата алуымыз қажет. Бізге тек ақылмен қозғалып, экономиканы жолға қойып алу аса қажетті болып тұр.

Менталитетті түзейікші. Айфон үшін кредитке батуды түсінбеймін. Сол ақшаны акцияға салсақ, кіші кесіп бастасақ, қаржыны жинап-жинап инвестицияға салайық. Ең дауасы осы. Еврей, корей, неміс, жапон баспен ойланп жасағанды неге қазақ жасамайды? Жоспарлы істелетін іс тәжірибемен жүзеге асырылған болса тез нәтиже береді, осыны ұмытпайық!

ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАЙЫҚ

– Біз әр сала бойынша жаңа элиталы ұрпақ қалыптастыра алдық па?

– Өз басым қоғамдағы өзекті дүниені жазып-сызып, хатқа түсіріп қоятын әдетім бар. Тауелсіздіктің кейбір ұрпақтары бұрынғы тізгінмен тәрбиеленіп кетті. Бізде идеология жоқ. Өз-өзіміздің деңгейімізді төмендетіп алғанбыз. Бұл сол отаршылдық езгінің әсері. Кеңес өкіметінің озбырлығы өтіп кеткен. Мәселен, ата-ана өзін төмен ұстаса, сол қасиет балаларға сіңіп кетеді. Сосын балаға «қайда кетсең де, шетке кет, Америка, Еуропаға бар» дей береміз. Өз еліміздің болашағына сену қажет. Игі істерді бүгін жасамайық.

Түрік, корей, француз, іргедегі орыстың өзі ұлттық мемлекет. Түркияның ұлттық идеясы мықты ғой, соған қарасаңыз көбісі жолда қалады. Түріктің байрағы көтерілгенде, бәрі бірігеді. Корей де сондай. Оларда патриоттық сезім барлығынан биік. Оңтүстік Кореяға ұшып бара жатқанда қытай тағамын беріп еді, 40 корей жолашысы бас тартты. Өзінің ұлттық тамағын талап етті. Осындай көріністер айта берсең жетерлік.

Біз әрбір жүрген-тұрған жерімізде өз тілімізде сұрайық,

пікірлесейік. Ұлттық ұғымдарымызға берік болайық. Салт-дәстүрімізді жаңғыртайық. Ең бастысы, мемлекет құраушы ұлт қазақ екенін есте сақтайық. Қазақша мультфильм, ұлттық кино түсірейік, таңнан кешке дейін телеэкрандарымызда ата-дінгегімізге қатысты бейнедеректер сарнап тұрса дейміз. Біз әуелі тіл арқылы бас қоса аламыз. Содан соң ұлттық идеология төңірегіне топтасамыз. Қазақ – мықты мемлекетпіз, қолдан бәрі келеді дей берудіміз қажет. Міне, бұл – ұлттық идеология.

АҚШ, Еуропа, Түркияда жастарымен санасады. Жолына кесекөлене тұрмай, жол береді, жөн сілтейді. Егер «отыр бала, сен әлі өскен жоқсың» дей берсең, ештеңе өнбейді. Қазіргі кішкентай балалар бізден анағұрлым ақылдырақ. Жаңа технологияның тілін біледі. Білікті, тәрбиелі жас ұрпақ – болашағымыз.

БАСПАНАНЫ КӨПТЕП
САЛАЙЫҚ

– Жас отбасыларға баспана беруді қалай оңтайландырамыз?

– Осы Араб елдері мұнай мен газын пайдаланып, ретін тауып халқын түгел баспанамен қамтып, жастарын оқытып-шоқытып, еңбекке араластырады. Бізде үй мәселесі күн тәртібінен түскен жоқ. Жұртқа қолжетіспіз. Үй салып қатырмадық. Орта тапты қалыптастыра алмай келеміз. Содан барып үй жетіспейді. Капиталистік дамыған елдер үй-жайды молынан салып қойған. Корейдің Сеул, Пусан қалаларындағы үйлердің баршасы жаңарған. Алысқа бармай-ақ осында да ескі үйлер тола. Тез арада жаңадан қала, елдімекен салайық. Қарап отыра бергеннен ешкім сырттан келіп істеп бермейді. Астана, Алматы, Шымкентке халық лық толды. Енді басқа өңірлерді көтерейік. Жастарға өзінің тұрған аумағында жұмыс орындарын ашайық. Сонда іс түзеледі.

Біз Ресей сияқты «Ана капиталы» қазір енгізе алмасақ та, жуық арада осыны қолға алу қажет болады. Сондай-ақ, пайдасыз жобаларды тоқтатайық. Одан да бюджетке түскен түсімдерді үнемдейік. Прагматикалық, логикалық ойлау жүйесін қолданаық. Анда-мұнда қайырымсыз кеткен шығынға алдағы жылы ақша бөлмейік. Одан да көпбалалы аналарды, жас отбасыларды баспанамен қамтып алайықшы.

Сұхбаттасқан
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



САРАПТАМА

Биыл 28 қарашада елімізге ресми сапармен Африка құрлығынан қонақ келді. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Того Республикасының Президенті Фор Эссозим-на Гнассингбемен Ақордада келіссөз жүргізді. Қатардағы азамат Африка құрлығындағы елде қандай мүддеміз бар деп ойлауы мүмкін. Екі ел бөлек құрлықта орналасқан. Географиялық алшақтық бар. Сондықтан геэкономикалық байланыс орнату қиын. Десе де, стратегиялық мақсатымызды ескерсек, саяси байланыс орната берген жөн. Басты мақсат – БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде лайықты орын алу.

Адамзаттың бастауы

Антрополог ғалымдар адамзат Африка құрлығынан тарады деп есептейді. Көне адамдардың сүйектері осы құрлықтан табылған. Ұзақ ғасырлар бойы құрлық адамзат назарынан тыс қалды. Ұлы географиялық ашылулардан соң тек экономикалық экспансия нысаны ретінде қаралды. XX ғасырда бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыс әсерінен колониалды жүйе ыдырай бастады. Бұл 1960 жылды «Африка жылы» деп атауға түрткі болды. Себебі, бірінен соң бірі Африка елдері тәуелсіздік ала бастады. Сол жылы Конго, Нигерия, Сомали егемендікке қол жеткізді.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлем үшке бөлінді. Бір жағы АҚШ бастаған капиталистік елдер блогы болса, оларға қарсы КСРО бастаған социалистік елдер әрекет етті. Бұл идеологиялық текетіреске қосылмаған бейтарап елдер үшінші тарап болды. Қырғиқабақ соғыста АҚШ пен КСРО Африка құрлығы елдеріне талас жүргізді.

Кеңес Үкіметі ыдыраған соң Африка құрлығына деген қызығушылық азайды. Френсис Фукуяманың «тарихтың соңы ма?» деген болжамы келгендей болды. Дегенмен, Африка қайтадан алпауыт елдердің жаңа саяси алаңына айналып бара жатқан сияқты.

Соңғы екі жылда халықаралық геосаяси жағдай шиеленісті. Оған Украина мен Ресей арасындағы шиеленіс қана себепші болған жоқ. Жалпы, БҰҰ деңгейінде Қауіпсіздік Кеңесінде дағдарыс бар. Ол дамыған мемлекеттер мен өзге елдер арасындағы текетірес-

АФРИКА ҚҰРЛЫҒЫ

саяси ойын алаңына айнала ма?



(Дереккөз: akorda.kz)

тен көрініс табуда. Жаһандық оңтүстік пен солтүстік арасындағы теңсіздік өршеленіп тұр.

Халықаралық саясат тактикасы

Құрлық елдері Африка одағы атты халықаралық ұйымға біріккен. Оған бүгінде 55 мемлекет мүше. 2002 жылы 9 шілдеде құрылған. Ұйым географиялық бөлініске байланысты 5 аймаққа бөлінген: Орталық, Батыс, Шығыс, Оңтүстік және Солтүстік Африка. Одақты құруға 1960 жылы пайда болған Африкалық мемлекеттер одағы әсер етті. Оның мұрагері десек те болады. Ұйым ішінде Оңтүстік Африка Республикасы саяси беделге ие. ОАР экономикасы өзге одақ мүшелеріне қарағанда қуаттырақ.

Батыс елдері мен өзге әлем арасындағы дағдарыс Африка құрлығын саяси ойын алаңына айналдырды. Бірақ ынтымақтастықты

орнату саяси диалог үшін емес, қарсы тарапты әлсіретуге бағытталған. Халықаралық саясат тура қырғиқабақ соғыс кезіндегі тактикаға ұқсайды. Мысалы, биыл 27-28 шілдеде Санкт-Петербурда Ресей–Африка саммиті өтті. Саммитке 45 Африка құрлығы елдерінің өкілдері қатысты. Оның ішінде 17-і мемлекет басшылары, ал қалғаны сыртқы істер министрлері.

Бұдан бөлек, BRICS ұйымы да Африка елдерімен байланыс орнатуға мүдделі екенін білдіруде. Оңтүстік Африка республикасы ұйымға мүше болғандықтан Африка елдерімен байланысты жеңіл орната алады. Тығыз байланыстың арқасында келесі жылы Африка құрлығынан Эфиопия, Мысыр елдері BRICS-ке мүше болмақ. Биыл 22–24 тамызда ОАР-да өткен саммитте ұйымға мүше мемлекеттер осындай шешім қабылдады. Сонымен қатар, Аргентина, Сауд Арабиясы, Иран және Біріккен Араб Әмірліктері де 2024 жылдың 1 желтоқсанынан бастап BRICS-тің толыққанды мүшесі атанады.

Африка құрлығы елдерімен Қытай да тығыз байланыс орнатуда. Кейінгі 14 жылда ҚХР Африканың ең үлкен сауда әріптестерінің біріне айналды. Бірлескен жобалар нәтижесінде 10 мың км-ден астам теміржол жолы мен 100 мың км-ден астам автокөлік жолдары салынған. Қытай құрлық елдеріне инвестиция құю жағынан да белсенді болып отыр.

Африка одағы ұйымы үлкен жиырмалыққа да мүше атанды. Биыл қыркүйекте Үндістанда өткен G20 саммиті аясында осындай шешім қабылданды. Басты мақсат жаһандық оңтүстіктің үлкен жиырмалықтағы беделін арттыру деп мәлімделді саммитте. Мәселеге терең үңілетін болсақ, геосаяси астарын да байқауға болады. Үлкен жиырмалықта G7 мен BRICS ұйымдары арасында жасырын бәсеке бар. Әр тарап Африка одағын өзіне икемдеуге тырысады.

Жаһандық саяси тенденция: қазақстандық мүдде

Біздің ел де жаһандық саяси тенденциядан тыс қалмақ емес. Рас, дәл қазір халықаралық саясатқа ықпал ете алатындай қауқарымыз жоқ. Саяси бедел жеткіліксіз. Бедел болуы үшін БҰҰ деңгейінде шешім қабылдауға ықпал ету тетіктеріміз болуға тиіс. Сондықтан биыл Президентіміз БҰҰ-ның 78-сессиясында Қазақстанның Қауіпсіздік Кеңесінде лайықты орын алуы керек деп мәлімдеген болатын.

Бұл стратегиялық мақсатқа жету оңай шаруа емес. Бір ғасыр, тіпті одан да көп уақыт кетуі мүмкін. Дегенмен, осы бағытта кішкене қадам жасау арқылы әрекет ету қажет. Того Республикасы Президентінің елімізге келуі де осы бағытта жасалған жұмыс екені сөзсіз. Бұл тек бастамасы. Алдағы уақытта өзге Африка құрлығы елдерінің өкілдерін көрсек, таңқалмаймыз.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ҚАРА ТЕҢІЗДЕГІ ДАУЫЛ

Мұнай бағасының көтерілуі уақытша болса да
еліміз үшін үміттің бір ұшы

Осы аптада Қазақстанның ең ірі мұнай кен орындары күнделікті мұнай өндіру көлемін 56 пайызға дейін қысқартты. Себебі – Қара теңіздегі дауыл. Аймақтағы күшті дауылдан кейін Каспий құбыр консорциумы (КҚҚ) терминалынан мұнай құю тоқтатылды. Аталған терминалға ең көп мұнай құюшы Қазақстан мен Ресей тәулігіне 2 миллион баррельге дейінгі мұнай экспортын тоқтатты. ҚР Энергетика министрлігі хабарлағандай, Теңіз, Қашаған және Қарашығанақ мұнай кен орындары өндіріс көлемінің жартысынан астамын қысқартты. Бұл елімізге энергия экспортында КҚҚ терминалына тәуелділік салдарының қаншалықты ауыр болатынын тағы да бір рет ескерткендей.

Тауар тасымалына тосқауыл

Қара теңіздегі дауыл соңғы апталарда тауар тасымал әрекеттеріне айтарлықтай тосқауыл болуда. Сейсенбі күні Ресейдің Қара теңізге шығатын Новороссийск порты жүк тиімдерін мүлде тоқтатты. Аталған порт Қара теңіз арқылы теңіз жолына энергетика және өзге де тауар тасымалдауда маңызды өткел. Ресейдің осы аймақтағы ең ірі порты. «Рейтер» агенттігінің хабарына қарағанда, порт аймағында ондаған танкер кезегін күтіп тұр. Бұл дегеніміз, Новороссийск портының қараша айына белгіленген мұнай тиеу жоспарын алсақ, жартысының жартысы орындалмай қалғанын көрсетеді. Әрине, бұдан Ресейдің өзі де, сондай-ақ мұнай экспорты осы портпен қатысты болған Қазақстан да зиян шеккелі отыр.

Ресей ресмилері соңғы жылдары Новороссийск порты қатал табиғи шарт-жағдайда жұмыс істеуге қабілетті екенін айтып келген. Яғни жағадан бес шақырым жерде орналасқан үш бірдей штангалар биіктігі 2,5 метрге дейінгі толқындарда жұмыс істей алатыны айтылған. Бірақ қазіргі дауыл жағдайы

порттың жұмыс қабілетін шектеп тастады. Дүйсенбі күні толқындардың биіктігі 6-8 метрге дейін жеткені хабарланған болатын.

Қазақстан үшін қауіп бар ма?

Жексенбіден бастап еліміздегі мұнай өндірісі тәулігіне шамамен 1,6 миллион баррельге дейін төмендеді. Өндірістің қысқаруы негізінен (95%-ы) АҚШ-тың «Шеврон» компаниясы істеп тұрған Теңіз мұнай кен орнына тиесілі болды. Ал Каспий құбыры терминалындағы резервуарлар толы күйде. Олардың жалпы сыйымдылығы, шамамен 7,5 миллион баррель. Бұдан артық қабылдай алмайды. Сондықтан құбыр ресейлік терминалға тасымалдау үшін жаңа өндірілген мұнайларды қабылдауға шарасыз.

Болжалды мәліметтерге сүйенсек, бір апта ішіндегі еліміздің мұнай өндіру көлемі 631,7 мың тоннаға төмендеуі мүмкін. Мәселе онда ғана емес, ең қиыны Қара теңіз аймағындағы дауылдың қашан тоқтап, экспорт жолымыз қашан ашыларын ешкім тап басып айта алмайды. Энергетика министрлігі 3 желтоқсанға қарай мұнай өндірісі тіпті де төмендейтінін растап отыр. Тіпті, Теңіз мұнай кен орны өз өндірісін толық тоқтатуы мүмкін екені айтылуда. Бұл дегеніміз, елдегі жалпы өнім тәулігіне 126 000 тоннаға дейін қысқарады дегенді білдіреді. Экспорттың азаюына байланысты министрлік қараша айындағы өндіріс тәулігіне 1,588 миллион баррель, ал желтоқсанда тәулігіне 1,673 миллион баррель деңгейінде болады деп болжады.

«Рейтер» өзінің кейбір дереккөздеріне сүйенсе отырып, ресейлік мұнай компаниялары өз өнімдерін басқа балама жолдарға бағыттағалы отырғанын айтты. Ресей үшін Балтық жағалауындағы порттар да әлемдік нарыққа шығудың бір жолы. Бірақ бізде ондай балама жолдар тапшы.

Әлемге тигізер әсері қандай?

Күні кешеден тартып, яғни 29 қарашада әлемдегі мұнай бағасы жоғарылай бастады. Brent маркалы мұнай фьючерстері

3 центке қымбаттап, барреліне шаққанда 81,71 долларды көрсетті. Құрама Штаттардың WTI мұнайының фьючерстері 17 центке өсті. Оның баррельге шаққандағы құны 76,58 доллар болып тұрды. Бұл – сәрсенбінің таңындағы көрсеткіштер.

Мұнай бағасының жоғарылауы Қара теңіздегі дауылға байланысты болғаны анық. Қазақстан мен Ресей сынды екі ірі мұнай өндірушінің экспорт пен өндірісті бірдей қысқартуы инвесторларға әсер етпей қалмайды. Дегенмен, бұдан өзге де себебі жоқ емес. Алда Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы мен Ресей (ОПЕК+) маңызды саммит өткізеді. Әлемдегі энергетика, әсіресе, мұнай мен газ саласындағы инвесторлар мұндай маңызды халықаралық отырыс алдында қалай да сақтық танытуы тиіс.

Мәселе, қазіргі таңда ОПЕК+-те бірқатар мәселелердің басы ашылған жоқ. Жеткізу, өндірісті қысқарту, экспорт мерзімін ұзарту мәселелеріне қатысты жаңа келісім жасалады деген болжам бар. Қазақстандық мұнай өндірісі, сондай-ақ, АҚШ долларының әлсіреуі сынды факторлардың әсерімен жалпы баға, шамамен 2%-ға өскен.

Үміт зор

Мұнай бағасының жоғарылауы уақытша болса да еліміз үшін үміттің бір ұшы. Алдағы уақытта мұнай экспорты мен өндірісі өз қарқынына қайта келеді деген зор үмітіміз бар.

Айталық, Caspian Pipeline осы аптада өз болжамын ұсынып, желтоқсан айында ауа райының жақсаруынан жүк тиеудің жоғары қарқыны қалыптасады дейді. Қарқынды экспорт іс-қимылдары оның сақтау резервуарларын босатады. Қара теңіз жағасындағы ресейлік порт та желтоқсан айына қарай мұнай тиеу мен жөнелту қарқынын қазіргіден үш есеге жоғарылата алатын айтып, тағы бір қуатты. Ал жанарудан өткен Новая Озеревкадағы терминалы арқылы Каспий құбыры енді танкерлерге үш қалқымадан мұнай тией алатыны тағы бар.

Дегенмен, «кісідегінің кілті аспанда» дегендей, Қара теңіздегі алапат дауыл біз үшін тағы бір сабақ болды. Бұл энергия экспортында да, өзге де шикі зат экспортында тасымал бағыттарын әралуан ету үшін осыған дейін жасап келе жатқан құлшыныстарымызды тіпті де жандандыру керектігін түсіндірді. Бұл енді бір жағынан әлемдегі ірі алпауыттардың энергетика көздері үшін күрестің жаңа деңгейге өскенін де дәлелдеді.

Естай БОЖАН,
сарапшы.





ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ҚАЛА КӨШЕЛЕРІНДЕ
жаңа велосипед жолағы пайда болды

Жаңа велосипед жолағы Манас көшесінің батыс жағынан Сәтбаев көшесінен Абай даңғылына дейін жасалған.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Манас көшесі бойымен Шевченко көшесінен Абай даңғылына дейін ені 3 метр және ұзындығы 400 метрге жуық велосипед жолы салынды. Көше бойында тұрақ орындары ұйымдастырылды.

Осылайша Шевченко мен Сәтбаев көшелерінде орналасқан велосипед жолақтары өзара байланысты.

Жаңа велосипед жолақтарын жайластыру велосипедшілердің

оқшауланған велосипед жолақтарымен қауіпсіз өтуін қамтамасыз етуге және жол қозғалысында келеңсіз жағдайларды болдырмауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, 2023 жылдың соңына дейін аталған жол учаскесінде қосымша жол белгілері орнатылады.

Жалпы, биыл қала бойынша 3 шақырым велоинфрақұрылым жабдықталған. Бұл бағыттағы жұмыстар Алматының даму жоспары аясында қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша жалғасатын болады.

ҚАУІПСІЗДІК

Шымбұлақ жолына
«Сергек» камерасы қойылды


Медеу–Шымбұлақ автожолының бойына жылдамдығы 40 км/сағатқа шектелген «Сергек» аппараттық-бағдарламалық кешенінің 4 бейнекамерасы орнатылды.

Мәншүк
БЕКБОСЫН

Камера «Медеу» биік таулы мұз айдынының шлагбаумынан бастап «Шымбұлақ» тау шаңғысы курортына дейін ұзындығы 7 шақырымға жететін учаскеге қойылды.

Бұл жаяу жүргіншілер ағыны мен көрсетілген бағыт бойынша жүретін электромобильдер санының артуына байланысты адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етпек. Көліктердің бақылаусыз қозғалысын болдырмауды тіркеу 1 желтоқсаннан басталады.

Жалпы, Алматыда барлығы 7894 «Сергек» АӨК камерасы жұмыс істейді.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Суық су уақытша болмайды

30 қарашада, сағат 9.00–ден 17.00-ге дейін Бостандық ауданындағы Қожанов – Гагарин – Байқадамов – Жароков көшелерінің аумағында су беру уақытша тоқтатылады. Сондай-ақ, Түркісіб ауданындағы Бехтерев, Вятка, Усачев, Монтин көшелерінде орналасқан жеке тұрғын үйлерде де уақытша суық су болмайды.

Аталған қалалық секторлардағы тұтынушылардың суық судан уақытша ажыратылуы жаңа инженерлік желілерді сумен жабдықтау жүйесіне қосу және технологиялық жабдықты ауыстыру жөніндегі жұмыстарды орындаумен байланысты.

Уақытша қолайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз. Анықтама телефоны: +7 (727) 274-66-66.

«АЛМАТЫ СУ» МКК.

ЖЫЛЖЫМАЛЫ КӨЛІК

ДЕНСАУЛЫҚ – БАСТЫ НАЗАРДА



Алматы қаласының «ЖИТС алдын алу және оған қарсы күрес орталығына» кеңес беру және профилактикалық көмек көрсету үшін арнайы көлік табысталды.

Пердехан
ШӘМШИЕВ

1 желтоқсан – Бүкіләлемдік ЖИТС-пен күрес күні. Қауіпті індет алдында адамзат әлі күнге дейін әлсіз. Соған қарамастан, онымен күрес тоқтамайды. Алматылық дәрігерлер де тайсалмай аурумен күресуде. Осындай айтулы күнде ақ халатты абзал жандарға азаматтық қоғам және жергілікті Денсаулық сақтау басқармасы да қолдау көрсетті.

Дүниежүзілік ЖИТС-пен күрес күніне арналған науқан аясында ЮНЭЙДС «Көшбасшылық – қоғамдастықтарға» ұранымен жылжымалы пунктке арналған жабдықталған көлікті тапсыру рәсімі өтті.

Жылжымалы пункт бұл Алматыдағы «Hyundai Com Trans Kazakhstan» ЖШС зауытында жасалған арнайы авто-

көлік. Ол халықтың негізгі топтарына, сондай-ақ АИТВ-мен ауыратын, оның ішінде түзеу мекемелеріндегі адамдарға қызмет көрсету және тестілеу жабдықтарымен жабдықталған. Жылжымалы пункттің көмегімен дәрігерлер ҰЕҰ қызметкерлерімен бірлесіп науқастарға дәрі-дәрмектерді жедел жеткізіп, емделуге мониторинг жүргізу үшін қажетті консультациялар, тексерулер жүргізе алады.

ІСАР өңірлік директоры Анна Дерябинаның айтуынша, мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдардың тығыз өзара іс-қимылының арқасында жоба аяқталғаннан кейін ЖИТС орталығы мен ҰЕҰ мамандарының мобильді көпсалалы тобы АИТВ-мен ауыратын адамдарға және халықтың негізгі топтарына қызметтер кешенін көрсетуді жалғастырады.

РЕЙТИНГ

Алматылық мейрамханалар
үздік атанды

Almaty Theatre ғимаратында «Wheretoeat» халықаралық мейрамхана сыйлығының еліміздегі тұңғыш салтанатты табыстау рәсімі өтті. Салтанатты рәсім барысында Қазақстандағы үздік 50 мейрамханасының рейтингі жарияланды. Сондай-ақ, «Жылдың бас аспазы», «БАҚ таңдауы», «Қазақ тағамдарының үздік мейрамханасы» және өзге де арнайы номинациялардың лауреаттары марапатталды.

Досбол
АТАЖАН

– «Wheretoeat» мейрамхана сыйлығы – әлемге әйгілі Where Magazines International media тобының жобасы. Медиа қауымдастықтың ең танымал өнімі – «Where» журналы. Ол «Where London», «Where Paris», «Where Moscow» сияқты атпен әлемдегі ең үлкен қалаларда басылып шығарылады. Біз биыл сыйлықты халықаралық деңгейге шығарып, «WHERE TO EAT Kazakhstan» сыйлығы етіп табыстауды жөн көрдік. Ол үшін 2 айға жуық жергілікті сарапшыларды іздедік. Сарапшылар құпия түрде мейрамханаларға ба-

рып, оларды бағалап көрді. Сарапшылардың бағасы негізінде біз рейтингті жарияладық, – деді «Wheretoeat» сыйлығының атқарушы директоры Алексей Дудин.

Қазақстанның үздік мейрамханалары рейтингінде бірінші орынды Алматыда орналасқан мейрамхана иеленді. Екінші орында елордалық мейрамхана болды. Үздік үштікті оңтүстік астанамыздың тағы бір мейрамханасы алды. Сондай-ақ, «Қазақ тағамдарының үздік мейрамханасы» атты арнайы номинацияны да алматылық мейрамхана иеленді. Үздік мейрамханалар рейтингін сыйлықтың әлеуметтік желілерінен толық көруге болады.

ЖАРЫҚТАНДЫРУ

Жарық жүйесі – қала келбеті

Қала көшелерін жарық жүйесімен қамтамасыз ету мәселесі әрдайым өзекті.

Мегаполистегі Абай даңғылының бойына, дәлірек айтқанда, Сейфуллин көшесінен Достық даңғылына дейінгі жаяу жүргіншілер жолына жарық шамдары орнатылды. Осы аумақта тұратын тұрғындардың өтініші бойынша вандалға төтеп беретін торшер шамдары бұрыннан бар бағандарға қойылды.

Барлығы заманауи 214 шам орнатылды. Қалпына келтіру жұмысы қатардағы жөндеу жұмыстары аясында жүргізілді. Торшер шамдары ұлттық стильде, яғни ою-өрнекпен безендіріл-



ген. Бұл кешкі әрі түнгі уақытта тротуар аймағына ерекше көрініс береді. Сондай-ақ, шамдар вандалдық әрекетке төтеп беретіндей темірден жасалған. Өзірге Абай даңғылының бойына пилоттық режимде орнатылған шамдарды кейінірек қаланың басқа аймақтарына орнату мәселесі зерттеледі. Бұдан өзге, «Алматы Қала Жарық» мекемесінің жедел-жөндеу бригадасы Сәтбаев–Байзақов жолайрығында жұмыс істемей тұрған діңгектерді қалпына келтірді.

Жалпы, «Алматы Қала Жарық» КМК көше жарығына қатысты түйткілді мәселелерді жою үшін техникалық қызметкерлер штатын ұлғайтты. Шаһар басшысы Ерболат Досаевтың тапсырмасымен тұрғындардың өтінішін шұғыл орындау үшін жергілікті учаскелерде 20 адамнан тұратын бірінші бригада құрылды.

Мәншүк БЕКБОЛАТҚЫЗЫ.



ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБА

АЛМАТЫНЫҢ ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҒЫ

400-ге жуық қосымша жұмыс орны ашылады

Жыл соңына дейін мегаполистің Индустриялық аймағында жалпы құны 8 млрд теңгені құрайтын 6 жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр. Бұл ауқымды шара 400-ге жуық қосымша жұмыс орындарының ашылуына септігін тигізбек. Қалалық Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының мәліметінше, бүгінде аталған аймақта 29 инвестициялық жоба бойынша құрылыс жұмыстары қызу жүріп жатыр.



Суреттері түсірген Самат Құсайынов.



Мәншүк
БЕКБОСЫН

Алматының индустриялық аймағы – ірі өнеркәсіптік және өндірістік бизнес жобаларға арналған аумақ. Мұнда 11 мың жұмыс орны бар 88 компания орналасқан. Өнеркәсіптің басым салаларын дамытуға арналған және құрылған Индустриалды аймақ қарқынды дамуда. Оның ішінде машина жасау, тамақ, жеңіл, фармацевтика, химия өнеркәсібі және құрылыс материалдарын өндіру салалары бар. 2025 жылы 1,5 мың жұмыс орны құрылып, жалпы құны 100 млрд

теңге болатын Changan, Chery, Haval жеңіл автомобильдерін шығаратын мультибрендтік зауытты іске қосу жоспарланған.

Айта кету керек, «Алматының Индустриялық аймағы» ЖШС бизнесті мемлекеттік қолдау жобасы аясында өз кәсіпкерлеріне бірқатар жеңілдік мүмкіндігін ұсынады. Мәселен, кәсіпкерлер инвестициялық жобаны сатып алу және аукционнан өту қажеттілігінсіз оны іске асыру үшін жер учаскесін алуға мүмкіндігі бар. Бұдан өзге, 2068 жылға дейін жер учаскесін ұзақ мерзімге жалға алуға не болмаса оны ка-

дастрлық құны бойынша сатып алуды рәсімдеуге құқылы (1 га үшін 42 млн теңге).

Бұл ретте инвестор мынадай бірқатар артықшылыққа ие. Яғни инфрақұрылымды салу кезінде шығынның төмендеуі, қатаң салалық байланыстың болмауы, индустриялық аймақта жер учаскесін жалға алу мүмкіндігі (2068 жылға дейін), рұқсат құжаттамасын алуға қолдау көрсету әрі көмек көрсету, сондай-ақ индустриялық аймақ аумағында дайын инфрақұрылымның болуы (газбен жабдықтау, сумен жабдықтау және сумен қамту, электрмен жабдықтау, нөсер кәрізі, ТЖ стансасы мен ТЖ жүріс жолдары, талшықты-оптикалық байланыс желілері) сияқты артықшылықтар бар. Бұған қоса, 2 миллиондай халқы бар ірі мегаполис аумағында ірі көлемде өнімді өткізу нарығына жол ашылады.

Сонымен қатар, «Almaty Business – 2025» бірыңғай өңірлік бағдарламасы аясында Алматы индустриялық аймағының инвесторы инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға дейін сүйемелдеу, рұқсат құжаттарын алу және банктерде қарыздар бойынша кеңес алу түріндегі мемлекеттік жәрдем алады.

Биыл қазан айында Алматы индустриялық аймағының өндірістік кешендері үшін мамандар даярлайтын инновациялық техникалық колледждің құрылысына бөлінген аумақта жұмыстар басталды.

Бұл Алматы индустриялық аймағындағы жалпы құны 9 млрд теңге болатын басым жобалардың бірі.

КЕРЕК ДЕРЕК

Биылғы қаңтар-қазан аралығында мегаполистің қысқа мерзімді экономикалық индикаторы 13,1%-ға өскен.
Жағымды динамика сауда, өңдеу өнеркәсібі, құрылыс салаларында байқалады.
Мәселен, өнеркәсіптік өндіріс саласында 1639,9 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, 18,9%-ға өсті.
Өңдеу өнеркәсібі 18,6%-ға өсті.
Құрылыс саласындағы көрсеткіштер 1,9%-ға өсіп, жыл басынан бері 1860,6 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, экономика өсімінің драйверлері 19,9%-ға өсті.
Сауда 14,5%-ға, оның ішінде бөлшек сауда 7,1%-ға және көтерме сауда 17,2%-ға көтерілді.
Байланыс қызметтері 3,1%-ға артты.
Сыртқы сауда айналымы (ЕАЭО елдерінсіз) 2023 жылдың қаңтар-қыркүйек аралығында 29,9% өсіп, 18,6 млрд АҚШ доллары болды.
Экспорт 21,8% өсіп, 3,4 млрд АҚШ долларын, импорт 31,8%-ға артып, 15,2 млрд АҚШ долларына жетті.



БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

«САПАЛЫ ӨНІМ» ҚҰҚЫҒЫҢЫЗДЫ ҚОРҒАЙДЫ

Суретті түсірген Самат Құсайынов.



Биылғы 10 айда бір ғана Алматы қаласы бойынша сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау департаментіне 5500-ден астам тұтынушы тауарының сапасы мен қызметіне шағым айтып, өтініш жазған. Ал жауапсыз кәсіпкерлерге толтырылған әкімшілік хаттама саны – 271. Қысқасы, тауар сапасына шағым айтатындар да, хаттама толтырылатын кәсіпкерлер де көбейіп барады. Биыл Алматыда құқығы бұзылған тұты-

нушыларға шамамен, 190 миллион теңге қайтарылыпты.

Алматыда тұтынушылардың құқығын қорғауға арналған «Сапалы өнім» әлеуметтік жобасы жұмыс істейді. Бұл жоба Алматы қаласы бойынша сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау департаменті сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау саласындағы заңнаманы сақтау бойынша кешенді іс-шараларды жүзеге асыруға бағытталған. Қызмет көрсету саласы бойынша ең көп шағымдар бөлшек сауда – 1729, электронды коммерция – 721, жеке қызмет көрсету – 110, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық – 225, білім беру қызметтері – 101 сияқты салаларда анықталған екен.


Мәншүк БЕКБОЛАТҚЫЗЫ.

Өкініштісі, халық өз құқығын біле бермейді. Азаматтардың тұтынушылық құқығы үнемі бұзылатын салаға – медициналық қызмет, теміржол мен әуе жолы қызметі, сонымен қатар, туристік сала, қоғамдық тамақтану, ТКШ және басқа да салаларға қатысты шағымдар да аз емес екен.

ЦИФРЛАНДЫРУ

Әскерилер – электрондық есепте

Қорғаныс министрілігінің Алматы қаласы бойынша департаменті әскери міндеті мен әскерге шақырылушылардың цифрлық есебіне көшкелі бері инновацияны заңнамалық бекіту мен оны техникалық іске асыру жұмыстарына қызу кірісіп кетті.



Суретті түсірген Самат Құсайынов.



Айнабай
МӘДИ

Осылайша «электрондық үкіметтен» мемлекеттік басқарудың жаңа форматына көшірілуде. Мұның мәнісі – шығарылған шешімдердің ауқымы азаматтарға көрінбейтіні. Мемлекеттік саясаттың басты назары адамға, оның қажеттілігі мен мүддесіне бағытталғаны. Әскери есепке алу саласындағы қызметтер кешенін электрондық форматқа ауыстыруға Қорғаныс министрілігінің ақпараттық жүйесін басқа мемлекеттік органдармен ықпалдастыру арқасында қол жеткізген болатын.

«Сандық форматқа көшкелі бейбіт уақытта әскерге шақыру жасындағы азаматтарды тіркеу туралы куәліктер мен әскери қызмет өткермегендерге әскери билет беру тоқта-

тылды. 17 жастағы жігіттер үшін жеке ісін жинақтап, Қорғаныс істері басқармасына тіркеуге келудің қажеті жоқ. Қызметтің бұл түрі жүйедегі қолда бар деректер негізінде автоматты түрде іске асады, – дейді Алматы қалалық Қорғаныс істері департаментіндегілер.

Бұдан өзге, әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылардың электрондық есебі енгізіліп, тұрғылықты жері ауысқан шақта азаматтар автоматты түрде жергілікті әскери басқару органдарына бекітіледі. Қызметті автоматтандыру азаматтарды жұмысқа орналастыру тәртібі де жеңілдетіліп, ендігі жерде жұмыс беруші де қызметкерінен әскери билет не тіркеу куәлігін талап етпейді. Қажет дерек азаматтың eGov-тағы жеке кабинетінің «әскери қызмет» бөлігінде тұр.



● ПРЕЗИДЕНТТИҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫП ЖАТЫР?

Жаңа тарихи кезең:

ӨҢІРЛЕР МЕН ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУ



ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ
ІС ЖҮЗІНДЕ: ӨҢІРЛЕР МЕН ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ
ДАМУ

Елімізде инфрақұрылымды жаңғырту және өңірлерді дамыту бойынша жұмыстар қарқынды жүріп жатыр.

Тұрғын үй құрылысы, ТКШ желілерін жаңарту, республиканың көлік-логистикалық әлеуетін нығайту және жаңа өндірістік кәсіпорындарды іске қосу бағдарларының бәрі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасында белгіленген.

«Мемлекет жаңа тұрғын үйлер салады, барлық өңірдегі жергілікті инфрақұрылым мен инженерлік коммуникацияларды жаңартады. Біз сапалы жұмыс орнын қамтамасыз етеміз, әр азаматтың өзін дамытуына тең мүмкіндік жасаймыз. Мұның бәрі өңірлерді тұрғындар мен инвестициялар үшін тартымды етеді», — делінген бағдарламада.

Сонымен қатар, бұл құжатта Қазақстан экономикасы көлік дәліздерін кеңейтуді қажет ететіні туралы жазылған.

«Бұрыннан бар жабандық тауар жеткізу жүйесінің бұзылуы біздің болашақ транзиттік мүмкіндігімізді күшейтті. Біз жаңа сапалы жолдар, қоймалар салып, айлақтардың әлеуетін арттыруымыз керек, саланы локомотивтермен, жүк көлігімен, контейнерлермен қамтамасыз етуіміз қажет. Мемлекет транзиттік дәліздердің жүк айналымы мен өткізу қабілетін арттырады. Сол арқылы ел экономикасына мол инвестиция тартуға тың серпін береміз», — деп тұжырымдалған құжатта.

Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасы аясында елімізде инфрақұрылымды жаңғырту және өңірлерді дамыту бойынша Үкіметтің бір жыл ішінде атқарған жұмыстары жайлы бүгінгі топтамамыз бен инфографикадан таныс болыңыздар.



Қазақстанда 2029 жылға қарай 1 млн-нан астам отбасын жаңа баспанамен қамтамасыз ету бойынша белсенді жұмыс жалғасуда. Мәселен, 2023 жылғы 10 айда 13 млн шаршы метрден астам тұрғын үй салынды. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 14%-ға жоғары.

Несиелік және жалға берілетін тұрғын үй құрылысы, «Отбасы банктін» жеңілдетілген ипотекалық бағдарламалары, «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» тарапынан коммерциялық банктердің ипотекаларын субсидиялау және т.б. сияқты мемлекеттік қолдаудың түрлі тетіктері есебінен жыл сайын тұрғын үйді пайдалануға беру көлемі 200 мың шаршы метрге ұлғаяды деп күтілуде.

Биыл өңірлерде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым нысандарын салуға 5,4 млрд теңге бөлінді.

«ҚОЛЖЕТІМДІ ИНТЕРНЕТ» ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ

Бекітілген «Қолжетімді Интернет» ұлттық жобасының негізгі мақсаты — халықты жылдамдығы кемінде 100 Мбит/с болатын кең жолақты дүниежүзілік желіге қосу.

Жоба аясында көлемді қаражат сымды және сымсыз байланыс инфрақұрылымын дамытуға бағытталатын болады. Ауылда талшықты-оптикалық байланыс желілерінің тармақталған желісін салуға басты назар аударылады. Мәселен, мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі арқылы 3 мыңнан астам ауылда тиісті байланыс желілерін монтаждау жоспарланып отыр.

Жалпы республика бойынша шағын және орта байланыс операторларын қолдау арқылы 400 мың үй шаруашылығына жылдамдығы жоғары интернет жүргізілетін болады.

Ұлттық жоба аясында республикалық және негізгі облыстық автожолдарды мобильді интернетпен қамту үшін цифрлық инфрақұрылым жүргізу жоспарланған. Атап айтқанда, 487 антенна-діңгекті құрылысты орнату жоспарланып отыр. Бұл 17 мың шақырым автожолды мобильді интернетпен қамтуға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда республиканың 8 мың шақырым күре жолы (30%) мобильді интернет қызметтерімен қамтылған.

Еліміздің көлік-логистикалық әлеуетін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы бекітілді. Оның аясында Еуропадан Орталық Азияға, Қытайға және Оңтүстік-Шығыс Азияға негізгі трансконтиненталдық дәліздер мен бағыттарды жаңғырту және кеңейту жөніндегі шаралар көзделген. Атап айтқанда, Қазақстанның транзиттік әлеуетін едәуір арттыратын бірқатар ірі теміржол жобасын іске асыру басталды. Олардың ішінде:

Соңғы кездері жүк тасымалының көлемі 2 есе артқан Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамытуға бірқатар суропалық көлік-логистикалық компанияны тарту бойынша жұмыстар жүріп жатыр. Германия, Австрия, Мажарстан және Балтық елдерінің жүк операторларының тиісті қауымдастығына кіру жоспарланып отыр.

Қазақстан, Әзербайжан және Грузия арасындағы ТХКБ бойынша қызмет көрсету сапасын арттыру үшін тең негізде бірлескен кәсіпорын құру туралы шартқа қол қойылды.

Қазақстан аумағы арқылы жүк тасымалдау үшін ҚР Үкіметі ҚХР Үкіметімен келісімдерге қол қойды, бұл ТХКБ дамыту үшін қолайлы жағдай жасап, қосымша транзит және сыртқы сауда жүктерін тартуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, тараптар Қазақстан аумағында, оның ішінде Ақтау портындағы контейнерлік хаб құрылысына инвестиция тарту арқылы кешенді логистикалық желі құру туралы уағдаластыққа қол жеткізді.

Қытаймен үшінші халықаралық торапқа шығатын Достық – Мойынты, Бақты – Аяғөз желілері, Дарбаза – Мақтаарал және Алматы айналма жол желісі бар.

Барлығы үш жыл ішінде 1,3 шақырымнан астам теміржол салынады. Салыстыратын болсақ, соңғы 30 жылда 2,5 шақырым теміржол салынды.

2030 жылға дейін 11 мың шақырым теміржолды жөндеу жұмыстарымен қамту жоспарланып отыр, өз кезегінде бұл өткізу қабілетін арттыруға және пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге елеулі үлес қосады.

Қазақстандық теңіз порттарының өткізу қабілетін кеңейту бойынша жұмыс жүріп жатыр, ол бүгінде жылына шамамен, 21,2 млн тонна жүкті құрайды. Оған қоса, «Саржа» көпфункционалдық теңіз терминалының құрылысы қолға алынды. 2030 жылға қарай Қазақстан порттарының қуатын 30 млн тоннаға дейін жеткізу жоспарланып отыр.

Қорларды ұлғайту және өңірлерді газдандыру жұмысын одан әрі жалғастыру үшін жаңа газ өңдеу қуаттарының құрылысы жалғасуда.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Қашаған кен орнында қуаты жылына 1 млрд м³ болатын ГӨЗ құрылысын жүргізіп жатыр. Сондай-ақ, Қашаған мен Қарашығанақта жылына 6,5 млрд м³ газ өңдейтін жана ГӨЗ құрылысы жобалануда. Бұл ауқымды жобалар ел экономикасының дамуына серпін беріп, жаңа жұмыс орындарының ашылуын қамтамасыз етеді.

Биылғы 23 қазанда «Бейнеу–Жаңаөзен» құбырының екінші желісі бойынша газ жіберілді, бұл Маңғыстау облысын тұрақты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ:

ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ҚР көлік-логистикалық әлеуетін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы бекітілді. Оның шеңберінде Еуропадан Орталық Азияға, Қытайға және оңтүстік-шығыс Азияға негізгі трансконтиненталдық дәліздер мен маршруттарды жаңғырту және кеңейту жөніндегі шаралар көзделген.

Үш жыл ішінде 1300 шақырымнан астам теміржол салынады. Салыстыру үшін, алдыңғы 30 жылда 2500 км теміржол салынды.



2030 жылға дейін 11 мың км т/к жөндеумен қамту жоспарлануда бұл өткізу қабілетін арттыруға және поездар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге елеулі үлес қосады.

2029 жылға қарай 1 млн-нан астам отбасын жаңа тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша белсенді жұмыс жалғасуда.

Мәселен, 2023 жылдың 10 айында 13 млн шаршы метрден астам құрылыс салынды. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 14% - ға жоғары.



Кредиттік және жалға берілетін тұрғын үй құрылысы, «Отбасы Банктін» жеңілдікті ипотекалық бағдарламалары, «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» тарапынан коммерциялық банктердің ипотекасын субсидиялау және т.б. сияқты мемлекеттік қолдаудың түрлі тетіктері есебінен жыл сайын тұрғын үйді іске қосу көлемі 200 мың шаршы метрге ұлғаяды деп күтілуде.

Өз ресурстарын ұлғайту және өңірлерді одан әрі газдандыру үшін жаңа газ өңдеу қуаттылықтарының құрылысы жалғасуда.

«QAZAQGAS» ҰК» АҚ Қашаған кен орнында қуаты жылына 1 млрд м³ мұнай өңдеу зауытының құрылысы жүргізілуде.



ҚАШАҒАН МЕН ҚАРАШЫҒАНАҚТА ЖАЛПЫ ӨНДЕУ КӨЛЕМІ ЖЫЛЫНА 6,5 МЛРД М³ ГАЗ БОЛАТЫН ЖАҢА МҰНАЙ ӨНДЕУ ЗАУАТЫ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖОБАЛАНУДА



газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұған дейін, 3 тамызда, Атырау облысының қажеттіліктерін жабуға мүмкіндік беретін «Мақат – Солтүстік Кавказ» газ құбырына қосымша құбыр жүргізілді. Газдандыру жұмыстары жалғасуда.

Мұнай тасымалдау дәліздерін әртарапандыру жөніндегі жол картасын іске асыру аясында осы жылдан бастап Баку – Тбилиси – Джейхан бағытында жаңа бағдар іске қосылды. «Қазақстан – Қытай» мұнай құбырын кеңейту бойынша жұмыстар жүріп жатыр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: primeminister.kz).



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ



Ғылымды дамыту – мемлекет дамуын анықтайтын басты көрсеткіш. Сондықтан кез келген ел үшін білім мен ғылым саласы басты назарда тұратыны сөзсіз. Біздің еліміз үшін де солай. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің сайлауалды бағдарламасында осы салалардағы мәселелерді шешу бойынша нақты шараларды қамтыған. «Бүгінде аталмыш бағыттарды дамыту бойынша қандай істер атқарылып жатыр? Ғылымды коммерцияландыру мәселесі қалай шешілуде?» деген сауалдарға жауап алу үшін Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы ҚР Ұлттық Ғылым академиясының басқарма басшысы, Алматы қалалық мәслихатының депутаты Бекбол РАМАЗАН мырзаны әңгімеге тартқан едік.

– Бекбол Батыржанұлы, бүгінгі таңда ғылым саласының даму қарқыны қалай?

– Дамыған елдер бәсекеге қабілетті қоғамды қалыптастырудың іргелі құрылыс материалы ретінде ғылымның маңыздылығын халықаралық деңгейде мойындауда. Бұл қалыптасу құбылысы. Солай болуы керек те. Бүгінгі таңда ғылымның эволюциясы әлемдік білім беру кеңістігінде, әсіресе цифрлық қоғам дәуірінде жаңа сипаттамаларға ие. Бұл тұрғыда ғылымға қарқынды инвестиция салатын елдер тиімді ғылыми жаңалықтарды құрып қана қоймай, сонымен қатар өз ұстанымдарын нығайту және күштерін арттыру арқылы осы процестен пайда көруде. Біз де қалыс қалмауымыз қажет. Ол үшін идея мен инновацияның арасын жалғаушы ғылыми зерттеулерге үлкен акцент қоюымыз қажет. Осы тұрғыда Қазақстандағы университеттер, зерттеу институттары мен инновациялық орталықтар әртүрлі салалар бойынша зерттеулермен белсенді айналысуда. Бұл зерттеулердің нәтижелері болашақ инновациялық жобаларға негіз болары сөзсіз.

– Мемлекет басшысы өзінің сайлауалды бағдарламасында елге бәсекеге қабілеттілік беру мақсатында ғылымды өндірістің жаңа технологияларына бағдарлау қажеттігін айтты. Бұл бағытта Ұлттық Ғылым академиясында қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

– Бұл стратегияның маңызды аспектісі ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру болып табылады. Президент бұл қадам қосылған құнның өсуіне ықпал етіп қана қоймай, бизнестің және бүкіл елдің бәсекеге қабілеттілігін нығайтатынын атап өтті. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы жақында өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында «Елдегі ғылымды қаржыландыру 0,13%-ды құрайды, бұл көрсеткіш 2,5%-ға жеткен дамыған елдерге қарағанда айтарлықтай аз. Біздің ғылымға жұмсаған шығындарымыз өте жеткіліксіз және бөлінген қаражатты пайдалану тиімділігі көп нәрсені қалайды» деген болатын. Сарапшылар ғылымды қаржыландыру кезінде ЖІӨ-нің 1,5%-дан азы толық қайтарымды күтуге болмайтынын айтты.

Президент бұл мәселеге Үкіметтің назарын аударғанын атап өтіп ғылымның дамуына келтіретін кедергілерді жою үшін бірлесіп жұмыс істеуге әрі дамыған елдердің әлемдік тәжірибесіне сүйене отырып, жеке секторды

**Бекбол РАМАЗАН,
Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы
ҚР Ұлттық Ғылым академиясының басқарма басшысы:**

ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ

мемлекет дамуын айқындайтын басты бағдарлар

ғылыми зерттеулерге тартудың түрлі тетіктерін әзірлеуге шақырды. Бұл мәселелер биліктегілер мен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының назарында. Келесі қадам «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заңын ілгерілетудің маңыздылығын түсініп, берілген тапсырмаларды орындау. Осы тарапта Мемлекет басшысы «Академия ғылыми ой-тұжырым орталығына айналуға тиіс. Сондай-ақ, сараптама жасайтын беделді мекеме болуы керек. Қара шаңырақтың рөлін арттыру аса маңызды. Сондықтан оған мемлекеттік мәртебе береміз...», – деп Ұлттық Ғылым академиясына мол сенім артты. Өз кезегінде Ұлттық Ғылым академиясы Президенттің тапсырмасын орындау барысында, отандық ғылымдағы түйткілді мәселелерді шешу жолында

ғылымның басым бағыттары бойынша механизмді іске қосты. Бүгінде осы бағыттар бойынша бірқатар жұмыстар атқарылуда.

– **Аталмыш саладағы маңызды көріністің бірі – ғылыми зерттеулерге қаражат бөлу. Біздің елде ғылымды қаржыландыру мәселесі қалай шешілуде? Жалпы, бүгінгі ғылымды коммерцияландыру тетіктері жайында бірер сөз...**

– Елімізде бірқатар ғылымды зерттеулерге гранттық қаржыландыру көздері қарастырылған бағдарламалар жұмыс жасап тұр. Келесі этап осы дайын әзірлемелерді өндіріске енгізумен жұмыс жасауымыз керек. Осындай дайын ғылыми әзірлемелерді коммерциализацияға айналдыру бойынша «Ғылым қоры» АҚ операторлық ететін гранттық қаржыландыру конкурсы бар. Ғылым қоры 2016, 2017, 2018 және 2022 жылдары төрт байқау

өткізген, оған 1422 өтінім түскен. Бірнеше жобалар бойынша өндіріс орындары ашылып, 1600-ден астам жаңа жұмыс құрылған.

Жалпы 2023–2025 жылдарға арналған қаржыландырудың сомасы – 22 750 000 000 теңгені, соның ішінде жылдар бойынша: 2023 жылға – 5 699 604 811,82 теңгені, 2024 жылға – 13 650 000 000,00 теңгені, 2025 жылға – 3 400 395 188,18 теңгені құрайды. Айтарлықтай қомақты сомма. Үлкен нәтижелі істер күтеміз.

– **Бекбол Батыржанұлы, рас, кейбір кемшіліктерге қарамастан, айтарлықтай жетістіктер мен елеулі нәтижелерге әкелген көрнекті жұмыстарды да атап өткен жөн шығар. Бүгінде коммерцияландыру бағытында ауыз толтырып айтар қандай жетістіктеріңіз бар?**

– Ғылыми нәтижелерді коммерцияландырудың сәтті мысалы ретінде Жанболат Музбаевтың жетекшілігімен «КБ Tree Energy» ЖШС қауіпсіз және тиімді жел энергиясын пайдаланатын генераторларды әзірлеу, құру және сериялық өндіру бойынша іске асыратын жобаны бөліп көрсетуге болады. Күн-жел электрмен жабдықтау көздерін қамтитын бұл жобаның нәтижелері Маңғыстау және Солтүстік Қазақстан облыстарының шекара қызметтерінің дербес бейнебақылау жүйелерінде белгіленген. Бұл жүйелер объектілерді бақылауға және шекараның рұқсат етілмеген қиылысын анықтауға, сондай-ақ оқиғалар туралы сигналды бақылау орталығына жіберуге арналған. Аталмыш жоба Алматы облысының магистральдық республикалық трассалары бойынша толық автономды жарықтандыру және бейнебақылау колонналарын орнатуды қамтиды, бұл жолдың аса қауіпті учаскелерінде жол-көлік оқиғаларының санын қысқартуға ықпал етері сөзсіз. Дәл осындай отандық ғалымдарымыздың әзірлеген немесе іске асыруға дайын жобалары жетерлік. Олар жәйлі біраз мәліметтер көрсетуге де болады.

– **«Қазақстан ғылыми зерттеулермен тікелей айналысатын қызметкерлер көрсеткіші бойынша дамыған елдермен салыстырғанда көп қалып қойған» деген пікірмен келіссіз бе?**

– Жоқ, келісе алмаймын. Себебі, кейінгі жылдары мемлекет тарапынан жас ғалымдарға қолдау шаралары қарқынды қолға алынып келеді. Бұған жас зерттеушілердің жобаларына арналған бөлек грант пен жыл сайын «Жас ғалым» жобасы аясында шетелдік ғылыми ұйымдарда тағылымдамадан өтуге берілген мүмкіндік дәлел бола алады. Соның нәтижесінде Қазақстанда соңғы уақытта жас ғалымдардың саны көбейе түсті.

– **Демек, ғылым саласында даму бар деп есептейсіз...**

– Әлбетте. Алдағы уақытта барлық салада жаңа қадамдар жасалатынына өз басым сенімдімін. Жастар білімге ұмтылып, техниканың тілін жетік меңгеріп, алға қойған мақсаттарына жетуге ұмтылса, ал мемлекет тарапынан осындай қарқынмен қолдау көрсетілсе, біз алмайтын қамал болмасы анық. Ол үшін біз ғылыми зерттеулерді табысты іске асыру жолында қоғамды экономикалық тұрғыда жаңғырту, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, баламалы энергия көздерін қолдану және елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету сияқты стратегиялық міндеттерді басты назарға қоюымыз қажет. Ғылымға белсенді түрде инвестиция сала отырып, тиімді ғылыми жаңалықтар құрып қана қоймай, ақпаратты тиімді өңдеуге және таратуға қабілетті цифрлық қоғамға ерекше назар аударта аламыз. Сонда ғана экономикалық және технологиялық базасы нығайған нәтижелі жеңіске жеткен, әлемдік аренада бәсекеге қабілетті мемлекет боламыз. Ғылыми зерттеулерге жәрдемдесуде мемлекетке пайда әкелетін экономикалық қызметпен, цифрлық технологиялармен айналысатын белсенді жас ұрпақтың қатысуы шешуші рөл атқарары сөзсіз. Мол сенім бар.

– **Қазақ ғылымы дами берсін! Әңгімеңізге рахмет.**

**Сұхбаттасқан
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.**



● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ҒЫЛЫМДЫ ДАМУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

Жыл сайын өтетін коммерцияландыруға дайын гранттық жобалар конкурсы төмендегі ғылымды дамытудың басым бағыттары шеңберінде жүзеге асырылады:

- 1) Денсаулық сақтау;
- 2) Сапалы білім беру;
- 3) Цифрландыру;
- 4) Геологиялық барлау, табиғи қазбалар өндіру;
- 5) Энергетикалық кешенді жаңғырту;
- 6) Өңдеу өнеркәсібі;
- 7) Мұнай-газ, химия саласы;
- 8) Экология;
- 9) Агроөнеркәсіптік кешен және ауыл шаруашылығы ишкізатын өңдеу;
- 10) Туризм;
- 11) Ұлттық қауіпсіздікті нығайту;
- 12) Металлургия, металл өңдеу;
- 13) Машина жасау;
- 14) Химия өнеркәсібі;
- 15) Жеңіл өнеркәсіп;
- 16) Мемлекеттік бағдарламалық құжаттарда көзделген экономиканың басқа да секторлары.

Жобалық топтарға бірқатар талаптар қойылады, оны да ескеру керек:

- Жобалық топта 4-тен кем емес және 6-дан артық емес адам болуы тиіс.
- Стартап-компанияны құрған жағдайда Конкурс Жеңімпазының Жобаны іске асырудың бүкіл мерзімінде құрылтайшылар/қатысушылар құрамына кіруі міндетті шарт болып табылады.
- Жоба жетекшісі Жобаны іске асыру мерзімі ішінде еңбек шарты негізінде Грант алушының жобасы бойынша толық жұмыс күніне штаттық қызметкері болуға міндетті.
- Жобалық топ мүшелері жобаны іске асыру кезеңінде екіден артық Жобаға қатыса алмайды.
- Жобалық топта технологияларды коммерцияландыру саласында және бизнесті дамытуда немесе осы тектес Жобаларда кемінде 3 жыл тәжірибесі бар, соның ішінде бизнесті дамытуда практикалық тәжірибесі бар коммерцияландыру жөніндегі маманның болуы міндетті.
- Жобалық топта кәсіби бухгалтер сертификаты бар, жұмыс тәжірибесі 3 жылдан кем емес бухгалтердің болуы міндетті және т.б. талаптар қойылады.



БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Наурызбай ауданы:

БАҒДАРЛАР МЕН НӘТИЖЕЛЕР

әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары



Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында «Наурызбай ауданының әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары» тақырыбында баспасөз-конференциясы өтті.

Досбол
АТАЖАН

Брифинг барысында Наурызбай ауданының әкімі Назира Тоғызбаева ауданда медициналық мекемелерге жүктемені азайту мәселесі қалай шешімін табатынын айтты.

Қазіргі уақытта Наурызбай ауданында төрт емхана, үш аурухана, отбасылық-дәрігерлік амбулатория, екі жедел жәрдем станциясы бар, онда 4500 медицина қызметкері жұмыс істейді. Емханаларда барлығы 165 мың тұрғын тіркелген. «Құрамыс» және «Шұғыла» шағынаудандарында медициналық көмектің қадамдық қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін «Ақжар» шағынауданында екі емхана мен дәрігерлік амбулатория салу жоспарланған. Сондай-ақ, «Ақжар» және «Шұғыла» шағынаудандарында екі дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде.

Аудан әкімі оқушы орындарының тапшылығын шешу мәселесіне де тоқталды. Бүгінде аудан бойынша 4300 жуық оқушы орны тапшы. Мәселені шешу үшін «Жайлы мектеп» бағдарламасы аясында 3700 орынға екі мектеп салынып жатыр.

«Биыл қазан айында «Құрамыс», «Шұғыла» шағынаудандарында және Сәбденов көшесінде 5500 орынды үш мектептің құрылысы басталды. Сонымен қатар, ағымдағы жылдың қараша айында «Шұғыла» шағынауданындағы №174 мектепке қосымша құрылыс басталды», – деді Н.Тоғызбаева.

Қазіргі уақытта ауданда 12 мемлекеттік, 14 жекеменшік және Назарбаев атындағы зияткерлік мектебі бар, онда барлығы – 30 мыңға жуық оқушы бар. Ал мектепке дейінгі орындардың тапшылығын төмендету үшін 2024 жылдың 1 тоқсанында «Шұғыла» шағынауданындағы 320 орынды балабақша ашылады. Сондай-ақ, желтоқсан айында «Шұғыла», «Құрамыс» шағынаудандарында 640 балаға есептелген 2 балабақша құрылысы басталады.

«Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Балапан» мемлекеттік бағдарламасы 130 балабақшада жүзеге асырылып жатыр. Ата-аналар бағдарлама арқылы 70 пайызға дейін жеңілдік алуда. Яғни бұл үлкен қаржылай көмек. 2023 жылы мемлекеттен «Балапан» бағдарламасына 3,3 млрд теңге қаржы бөлінген», – деді Назира Асылбекқызы.



16 жаңа автобус бар

Наурызбай ауданына «Мектеп автобусы» жобасының аясында 27 автобус бөлінді, олар күнделікті 2400 оқушыны тасымалдайды. Бұл туралы Наурызбай ауданының әкімі Назира Тоғызбаева хабарлады.

«2024 жылдың қаңтар айынан бастап 940 балаға қосымша 16 автобус бөлінді. Жалпы жобаға 3400-ге жуық бала қамтылған», – деді аудан басшысы.

Сондай-ақ, Назира Тоғызбаева биылғы 1 маусымда Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Наурызбай ауданында инновациялық шығармашылықтың көпсалалы орталығы ашылғанын еске салды.

«Басты міндет – балаларымызға ең жақсысын беру. Жаңа орталық мектептерге қадамдық қолжетімді жерден ашылды және жоғары стандарттар бойынша цифрландырудың білім беру технологияларымен жабдықталған. Қазіргі уақытта 2200 бала қамтылған», – деді ол.

Сонымен қатар, Наурызбай ауданында Даму бала бағдарламасы аясында балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық және спорттық үйірмелерді қаржыландыруға жергілікті бюджеттен 1,4 млрд теңге бөлінген. Бағдарлама аясында 10 мыңнан астам бала тегін үйірмелер мен спорт секцияларына қатысады.

«Қарғалы» станциясы іске қосылады

Наурызбай ауданының әкімі Назира Тоғызбаева брифинг барысында 2023 жылы Наурызбай ауданының аумағында каскадты сорғы станциясының құрылысы аяқталатынын мәлімдеді.

«Қарғалы» және «Ақсай» су сүзгі станциялары салынып жатыр. «Қарғалы» станциясында жұмыс 85%-ға аяқталған. Жоспар бойынша 2023 жылдың соңына дейін станция іске қосылады. Бұл жобаны іске асыру 70 мың тұрғынды сапалы сумен қамтамасыз етеді», – деді Н.Тоғызбаева.

Ал «Ақсай» су жинағышы бойынша құрылыс жұмыстары 40%-ға орындалған. Жобаны іске асыру мерзімі 2025 жылғы желтоқсанға дейін жоспарланған. Құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін 100 мың тұрғын сумен қамтамасыз етілмек.

Наурызбай ауданының әкімі Назира Тоғызбаева өз сөзінде су құбыры желілерін салу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы да атап өтті.

«Өздеріңіз білетіндей, орталықсыздандыру аясында инженерлік желілерді салу бойынша функциялар аудан әкімдіктеріне ауысты. Осы жылдың соңына дейін төрт шағын аудан бойынша сумен жабдықтау және кәріз желілерінің жобалары одан әрі іске асыру үшін аудан әкімдігіне берілетін болады. Осылайша 2025 жылдың соңына қарай 335 км сумен жабдықтау және кәріз желілері салынады, сондай-ақ Наурызбай ауданы сапалы және үздіксіз сумен қамтамасыз ету мәселесі шешіледі», – деп қорытындылады Н.Тоғызбаева.

Көше жарығына 325 млн бөлінді

Наурызбай ауданында жыл басынан бері 65 км электр желісі жөнделді. Наурызбай ауданының әкімі Назира Тоғызбаеваның айтуынша, бұл шаралар тұрақты электрмен жабдықтауды қамтамасыз етуге және апат салдарынан болатын электрдің өшуін азайтуға мүмкіндік береді.

««Шұғыла», «Ақжар», «Таусамалы», «Құрамыс», «Рахат», «Қарағайлы» және «Қалқаман» шағынаудандарының аумағында электр желілері мен трансформаторлық қосалқы станцияларды жаңғырту шеңберінде 65 км электр желісі мен 39 трансформаторлық қосалқы станциялар ауыстырылды және жөнделді», – деді Назира Асылбекқызы.

Аудан аумағы 98%-ға сыртқы жарықтандыру желілерімен жабдықталған. Ағымдағы жылы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жалпы ұзындығы 43 км 59 көшеде сыртқы жарықтандыру құрылысы бойынша жұмыстар аяқталды,

сондай-ақ қоғамдық кеңістіктерде, балалар ойын алаңдарында және жаяу жүргіншілер аймақтарында 400-ден астам жарықтандыру тіректері орнатылды.

Аудан әкімі өз сөзінде тұрғындардан аудан аумағында көше жарығының жоқтығына көптеген шағымдар келіп түсетінін атап өтті. Бұл мәселені шешу үшін қала әкімінің тапсырмасы бойынша «Алматы Қала Жарық» АҚ күтіп ұстауға және ағымдағы жөндеуге 325 млн теңге бөлінді.

50 шақырым жол жөнделеді

Наурызбай ауданында жалпы ұзындығы 298 км 348 көше бар, асфальтталған жолдардың үлесі – 87%-ды құрайды.

«Ақжар» шағынауданында жалпы ұзындығы 45,3 км 89 көшеде жол салу жоспарланған. Бүгінгі таңда жол құрылысымен 15 км қамтылған. Қалған көшелер немесе 30 км инженерлік желілер құрылысы аяқталғаннан кейін асфальтталатын болады», – деді аудан басшысы.

Сонымен қатар, «Шұғыла» шағынауданы бойынша ұзындығы 6,8 км 13 көшеде жол салу жоспарланған. Биыл ұзындығы 5 км 9 көше құрылыспен қамтылды, қалған 4 көше 2024 жылы аяқталуы қажет.

«Шұғыла», «Рахат», «Таусамалы», «Қалқаман» шағынаудандарында жалпы ұзындығы 15 км 16 көшеде жолдарға орташа жөндеу жүргізілді. Осыған ұқсас жұмыстарды жүргізу үшін 2024 жылы Қалалық мобильділік басқармасына ұзындығы 40 км 38 көшені орташа жөндеуге өтінім жолданды.

Осы жылдың басынан бері шұңқырларды жөндеу жұмыстары жүргізілді, нәтижесінде 170 көшеде 45 мың м² жол жөнделді. Техникалық тротуармен көлемі 8 мың м² асатын 11 көше қамтамасыз етілген.

46 жоба жүзеге асты

«Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында Наурызбай ауданында тұрғындар ұсынған 46 жоба жүзеге асырылды. Бұл – қоғамдық кеңістікті абаттандыру, жол инфрақұрылымы және сыртқы жарықтандыру жобалары. Сондай-ақ, «Қалқаман» шағынауданында сквер ашу жоспарланған.

«Бағдарламаның тиімділігін және қала тұрғындарының оң пікірлерін ескере отырып, бағдарламаны қаржыландыруды ұлғайту туралы шешім қабылданды және 875 млн теңгеге қосымша 16 жоба орындалды», – деді Н.Тоғызбаева.

Жоба аясында үш жерасты жаяу жүргіншілер өткеліне ағымдағы жөндеу жүргізілді, төрт учаскеде автосуару жүйесінің желілері ұзартылды.

«Келесі жылы біз халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, жайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастырамыз. 2024 жылға 2,5 млрд теңге сомасына 40 жобаны іске асыру жоспарлануда», – деп қорытындылады аудан әкімі.





МӘДЕНИЕТ

Татьяна БУРМИСТРОВА:

ҚАЗАҚТЫҢ ОСЫ БІР ҒАЖАП ӨНЕРІН ЖАН ЖҮРЕГІММЕН СҮЙЕМІН

Алматыдағы А.Чехов атындағы Орталық қалалық кітапханада жас оқырмандарын елге белгілі тұлғалармен жүздестіріп, сұхбаттастыратын, екі жаққа да тиімді диалог орнатуға дәнекер болып жүрген дәстүр бар. Кеше рухани шаңырақта Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері (1995 ж.) «Парасат» орденінің (2016 ж.) және III дәрежелі «Барыс» орденінің (2022 ж.) иегері, Оңтүстік өңірінің Құрметті азаматы Татьяна Бурмистрова қонақта болды. Жас оқырмандармен сұхбаттасты. Жастар орыс ұлты өкілінің, бір жағынан, аузынан маржандай төгіліп түсіп жатқан қазақшасына таңқалса, екінші жағынан ойлы, мағыналы әңгімелеріне қызығып, ұйып отырды.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

КӨРЕРМЕН

Татьяна Николаевна Алматы медицина институтын (қазіргі С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті) бітірген. Мамандығы – дәрігер. Бірақ ол қазақ еліне халық әндерін, термелерін орындайтын бірегей өнерпаз ретінде танылған. Оның сыры неде? Мамандығын ауыстыруына не себеп болды, өкінбей ме?

– Осындай сұрақ бір жылдары Павлодар облысына барған концерттік сапарымда қойылған болатын. Сонда өзін Төлеген деп таныстырған 75 жастағы ақсақал сахнаға көтеріліп: «Күннің жаман болса, тәнің азар, Көңілің жаман болса, жаның азар» деген. Мен бұл әншіні дәрігерліктен кеткен жоқ дер едім. Татьяна біздің көңілімізді, жанымызды емдеп жүр. Ол дәрігер болып күніне жиырма-отыз адам қабылдайтын шығар, ал мына сахнадан үш жүз адамды емдеп отыр. Мен сенің орнына жауап бердім, қызым! Дәл қазір сенің айтқан термелеріңнен рухтанып, көңілім көтеріліп, қанаттанып отырмын», – деді. Ол рас, әннің де беретін шипасы бар, егер дұрыс айта білсе. Қазір тағылымы терең термелер, халық әндері көп айтылмай жүр. Жүректі емдейтін, көңілге шуағын себетін мағыналы, өміршең сондай халық әндерін бүгінгі буын да тыңдап жүрсе екен деген тілегім бар.

Әрине, мен дәрігер болып жұмыс істесем де, жаман маман болмас едім. Бірақ Алла Тағаланың маған берген сыйы осы болды, орыстың қызы болсам да, үйде бәріміз орысша сөйлесек те, мен қазақтың осы бір ғажап өнерін, қоңыр үнді домбырасын, поэзиясын, тілін, дәстүр-салтын жан жүрегіммен қабылдадым, сүйдім.

«АЛТЫБАҚАН»

Татьяна Бурмистрованың белгілі әнші, аңыз адам Ғарифолла Құрманғалиевтен дәріс алғанынан хабардармыз. Қазақтың маңдайалды майталман мэтрінің шәкірті болу – бәріне бұйыра бермейтін бақыт. Ұстазы жайындағы лебіз қандай?

– Сонау 1976 жылғы ақпанда телеарнадан «Алтыбақан» деген ұлттық реңктегі ән бағдарламасы шығып, сонда домбырамен ән шықап, содан қазақтың қызы болып кеткенмін. Ол тұста орыс перзентінің қолына домбыра ұстап қазақша ән айтқаны таңсық болатын. Содан мені «Эстрада студиясы» мен Өнер консерваториясына оқуға шақырып, қабылдандым. Меди институтта оқып жүрген кезім. Сөйтіп, эстрада студиясында Ғарифолла Құрманғалиевтің класында сабаққа барып жүрдім. Одан шығып консерваторияға жол саламын. Сонда маған үш оқу орнын қатар алып жүру қиын болды. Меди институтта жіберіп алған сабақтарымды өтеуге, орнын толтыруға баратыным тағы бар. Сөйтіп, консерваториядағы оқуымды, домбырадан сабақ берген профессор Құбыш Мұқитов ағатайымыздың сабағын бір айдай жіберіп алған соң, қойдым. Ал Ғарифолла Құрманғалиевтің класында бір жыл дәріс алдым. Сонда байқағаным, ұстаздарымыз сабақ бергенде, алдында отырған өнерпазға өзіндегі барды ғана беруге ұмтылмай, шәкіртінің бойынан көріп тұрған қабілетті дамытып, талантын ашуға күш жұмсайтын. «Сахнаның иесі болады. Ол аяқкіімді шешіп кететін есіктің көзі емес, соған өте мұқият болындар. Сахнаға шыққанда қалай болса солай жүрмендер, қастер тұтындар. Ал халық сендердің пірлерің. Ән салып болып, халық қол соққан кезде, екі-үш қадам кейін қарай жүріп, иықтарыңды көрермендерге көрсетпей, сөйтіп сәлем салып, асқан ізетпен шығып кетіндер», – дейтін марқұм Ғарифолла ұстазымыз.

Ұстазым өлең айтқан кезде әншейін айтып қоя салмай, айнаға қараңдар дегенді жиі айтатын. Тамаққа екпін, күш түсіріп айтылатын өлеңдерді айта алмаймын, дауысым жетпейді дегенімде, бірде ұрысқаны бар. «Неге жетпейді дауысың, біраз жасқа келіп менің дауысым қалай жетіп тұр. Иә, мен, мысалы, өлең айтқан кезде жанымды жеп айтқасын, тамырларым шодырайып, көзім ақиланып кетеді. Сен анау сұлулығымды жоғалтып аламын деп аузыңды ашқың келмей отыр ғой, аш аузыңды, сұлулықты сосын жинап аламыз» дейтін. Сонда өлеңнің егесін, табиғатын таппасаң, әніңді көрерменге жеткізе, жүректерге қондыра алмайсың дегенді



меңзеп тұр. Әнші болғасын соның ең биігіне шығуың керек. Соған жетемін деп мақсат қоюың қажет, әйтпесе мына жерді былғама дейтін. Ол бізге үлкен мектеп болды. Араларында әнші болғысы келетін жастар да отырған шығар, бәлкім. Сахнада тұрып ән айтудың өзі әдеп, мәдениет екенін біліп жүргейсіңдер.

БОЛМЫС

Сұхбат арасында Татьяна Бурмистрова әңгіме өзегімен үйлесе кеткен, мәселен, «Өсиет» (Мұқағали Мақатаев), «Тілім менің» (Қадыр Мырза-Әлі) термелерін, «Келінжан» (Кенен Әзірбаев) әнін орындап, рухани кешті әуенмен сабақтастырып отырды. Қадірлі мейманның иығына ілген қазақтың ұлттық киімі де орындалған ән-жырлардың табиғатын аша түсіп, жүректерді тербеп әкеткені сөзсіз.

– Әр нәрсенің өзінің ережесі бар ғой. Бүгінгі жүздесуге қазіргі өмірдің ағымына қарай, өзімнің қалауымша киініп келсем де болар еді. Бірақ қазақтың етігіне шейін киіп келген себебім, бәлкім біреуің көрген шығарсындар, біреуің көрмеген шығарсындар, сендерге қазақ қызының болмысы, келінінің киімі, артистің келбеті осындай әдемі болатынын көрсеткім келді.

Бірде Тимирязев көшесінің бойымен, біздің ұлттық университет алдынан өтіп бара жатып, сонадайда топтасып



тұрған қыздарды көрдім. Бәрі еуропаша киінген, шалбармен. Иә, әдемі жарасып тұр. Жастықтың өзі әдемі ғой. Бірақ мен айтамын, «Төлеген қайда сендерді іздейтін, олар сендерге қарамайды ғой, олар Қыз Жібекті іздейді. Мына киімдерің не?!» деп. Кездескен жерде қаракөздерімізге мен осыны айттым да.

Міне, жаңа кіріп келе жатып, осы залдан бір-екі қыздың шашын көрдім, әдемі етіп өріп қойыпты. Жүрегім жылып қалды. Дүниеге саналы, сапалы ұрпақ әкелетін, мемлекетті алға сүйрейтін күш өздерің. Еуропаның құлы болмандар, қазақтың перзенті, аяулы қыздары, асыл жігіттері болындар, айналайындарым, тілектеспін.

ҚАСИЕТ

Кенес Одағы тұсында теледидардан «Үш Татьяна» деген деректі фильмнің көрсетілгені есімізде. Онда Татьяна Бурмистрова, Татьяна Полтавская және Татьяна Мартыненко деген үш орыс қызы сахнада қазақша ән салды. Қазір үш Татьяна бір-бірімен хабар алмасып тұра ма екен?

– Өкінішке қарай, мерекелерде ғана амандық-саулық сұрасып тұратынымыз болмаса, қатты араластығымыз жоқ. Әуелі сахнаға мен шықтым, сосын екі Татьяна маған ілесіп кеткен болатын. Талдықорған пединститутын вокал бойынша бітірген Татьяна Полтавская қазір Мәскеуде тұрады. Ал өнер институтын тәмамдаған Татьяна Мартыненко Шымкентте. Баянда ойнайтын. Қазір басқа салада еңбек етіп жүр. Біз үшеуіміз бар-жоғы бір-ақ рет «Тамаша» сахнасына шыққанбыз. Сосын Орталық Комитеттің тапсырмасымен «Үш Татьяна және Надежда» деген деректі фильм түсірілді. Содан кейін бізді үнемі бірге ән айтып жүр деп қабылдаған болар көрермен.

Адамдар неге бір-біріне қатты тартылады, не себептен? Егер олардың рухы бір болса. Ал біздің жолымыз тоғыспады, яғни рухтас бола алмадық.

Бұл – менің бойыма қонған өнер. Ал қасиет болып қонған өнер саған ешқашан дамыл бермейді. Ол сенің қалауыңа көнбейді. Қасиет деген асау ат сияқты, мәпелеп алып жүрмесен, сүйреп әкетіп, өлтіріп тастауы да мүмкін. Бұл әншейін болған дүние емес. Әйтпесе, менің затым орыс, әке-шешем орыс, олар қазақшаны да білмейді. Ал домбыра ешкімге оңайлықпен қона бермейді. Осы қасиетті абыроймен көтеріп жүруге жазсын деймін аманда.

ЕҢБЕК

Рухани кешті түйіндеген мейман жастарға жүрекжарды тілегін, лебізін жеткізді.

– Сендерге айтарым, балалар, айналайындар, менің немелеріммен жастысыңдар, адал еңбек етіңдер. Жеңіл табыс табу көзін іздеп әуреленбесңдер, ол бәрібір қайырлы болмайды. Маңдайдың ашы терін сығып тұрып еткен адал еңбек міндетті түрде табысқа, жетістікке бастайды. Ілгеріде теледидардан бір үлкен апайдың сұхбатын көріп қалдым. Сонда сол кісі балама айттым дейді, «Мен сені жарық дүниеге алып келген анаңмын, ендігі анаң – еңбек. Сол еңбектің арқасында ғана адам болып, ана дүниеге абзал болып аттанасың». Оқудың озаты болындар. Қандай мамандықтың тізгінін ұстасаңдар да, соның биігіне, шыңына жетуді мақсат етіңдер. Сонда өмірдің өзі-ақ түзу де даңғыл жолға бастайды.

P.S. Кеште Татьяна Бурмистрованың шашбауын көтере келген өнердегі әріптесі – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптары оркестрінің бас қобызшысы, домбырашы Ботагөз Аманова, кейіпкердің замандас-құрбысы – Төлеген Айбергеновтің қызы, филолог Салтанат Айбергенова, мәдениеттанушы Бердалы Оспан сөз сөйлеп, жас өрендердің құлағында жүрсін деп, олар да тіл, дәстүр, Отанды сүю, перзенттік парыз, адамгершілік сынды құндылықтар тұрғысында ойлы сөздер айтты. Кеш соңында екі буын естелік суретке түсіп, тарқасты.



ТАРИХИ ТАНЫМ

Қазақ хандығы дәуірі:

АЛАСАПЫРАН ЖЫЛДАР АҚИҚАТЫ

«АҚТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ, АЛҚАКӨЛ СҰЛАМАҒА» – 300 ЖЫЛ

«1723 жыл өзінің қатерлі сипатымен халық жадында сақталып қалды»

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғалары XVIII ғасырдың 20-жылдарының бірінші жартысында қазақ-жоңғар қарым-қатынастарының барысында орын алды. Сол себепті де, зерттеушілер алдында осы екіжақты қарым-қатынастың тарихы, оның сипаты мен барысы, кезеңдері, сол кезеңдегі тарихи тұлғалардың рөлі, тарихи алғышарттары мен оқиғаның себептері, салдарлары секілді маңызды сұрақтар тұр. Олардың бәрін ғылыми тұрғыда шешкенде ғана тарихымыздағы қасіретті оқиғалар кезеңін толық түсіне аламыз.

Олай болса, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» терминінің пайда болуы мен оның ғылыми айналымға енгізілуі, оқиғаның алғышарттары және себеп-салдары мен сабақтары мәселелерін рет-ретімен қарастыралық.

XVIII ғасырдағы қазақ тарихына қатысты тарихи әдебиеттерді хронологиялық тұрғыда қарастыру барысында жалпы қазақ-жоңғар қатынастарына қатысты мәселелер біршама баяндалады. Бірақ ол еңбектерде XVIII ғасыр басындағы қазақ халқының басынан кешірген қайғылы жағдайы айтылса да, «Ақтабан шұбырынды» атауы кездеспейді. Тіпті, Ш.Уәлиханов өзінің «Абылай» атты мақаласында қазақ халқы үшін XVIII ғасырдың қандай ауыр болғаны жөнінде былай деп суреттеп жазады: «XVIII ғасырдың бірінші он жылдығы қырғыз (қазақ) халқының өмірінде өте сұмдық уақыт болды. Жоңғарлар, еділ қалмақтары, жайық казактары мен башқұрттар түс-түстан олардың ұлыстарына ойран салды, малды айдап кетіп, қырғыздарды отбасыларымен тұтастай тұтқындады. Төңірінің сынағы сияқты ызғарлы қыс, жұт пен аштық олардың қайғысын ауырлатты. Орынбордағы қырғыз бір басшы өз жерлерінің аяншыты жай-күйін бір топ ит қуған қоянның жағдайымен салыстырады. 1723 жыл өзінің қатерлі сипатымен қырғыздардың есінде ерекше орын алып, халық жадында ұзақ сақталып қалды. Осы қалың қар мен жұт қабаттасқан сәтсіз жылы Қалдан-Серен – жоңғар қонтайшысы қайсақтар мен буруттарды олардың бұрынғы шапқыншылықтары мен сотқарлықтары үшін жазалауға қыруар қолмен Қырғыз (Қазақ) даласына басып кірді». [6,119-120].

Одан әрі ол қай жүздің Орта Азияның қай өңіріне барып паналағанын жаза келе, Абылайдың өмірін және оның жоңғарларға қарсы күрестегі рөлін көрсетеді де, мақаласының соңында XVIII ғасырды «Абылай ғасыры» дей келе, бұл кезең «қазақ батырлығының ғасыры болып табылады» деп түйіндейді ойын [6, 120-124].

Осылайша XVIII ғасыр басындағы қазақ халқының басынан өткен ауыр күндерді Ш.Уәлиханов керемет баяндайды, бірақ «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атауын қолданбайды.

Ағартушылық қызмет:

ұлт тарихына арналған еңбектер

XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының қоғамдық-саяси және ағартушылық қызметтерінің бірі – ұлт тарихына арналған еңбектер жазу болды. Қ.Халид, Ш.Құдайбердіұлы, М.Тынышбаев та біз қарастырып отырған мәселе бойынша өз ойлары мен пікірлерін оқырмандарға ұсынды. Міне, осы еңбектерде алғаш рет біз қарастырып отырған тарихи атау – «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атауы кездеседі. Осы жөнінде толығырақ тоқталсақ.

XX ғасыр басындағы жарық көрген тарихи танымдық кітаптардың бірі – Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ хам хандар шешіресі» (1911 жылы жарық көрген) атты еңбегі. Осы еңбекте автор алғаш рет XVIII ғасырдың 20-жылдарындағы қазақ-жоңғар қатынастары барысында жоңғарлардың қазақтарға жасаған ауыр соққылары мен оның салдарларын ауыз әдебиетінің материалдарына сүйене отыра, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғалары деп түсіндіреді.

Ол былай деп жазады: «...1723 жылы қазақ, қалмақ болып жиылып соғысқанда, қалмақтың бастығы Цеван Рабдан қазақтың

Биыл, 2023 жылы қазақ халқының тарихындағы аса ауыр, өте қайғылы және қасіретті болған оқиғалардың бірі – «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғаларына 300 жыл толып отыр. Бұл кездегі қасіретті оқиғалардың таңбасы мен ізі халық жадында сақталынып, ел аузында тарихи аңыз-әңгімелерде, жыр-дастандарда, қайғылы әндерде көрініс тапты. Тек XX ғасыр басында ұлт зиялыларының тарихи еңбектерінде ғана «Ақтабан шұбырынды» оқиғалары алғаш рет қағаз бетіне түсіріліп, қалың жұртшылыққа таныстырылады. Сол тұстан бастап ел тарихындағы осы бір қайғылы оқиғаларға толы жылдар – «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген тарихи сөз тіркесімен сақталынып қалды және барлық тарихи еңбектерге енді. Өтіп кеткен тарихи процестер мен оқиғаларды зерттеу арқылы біз олардан алынған тарихи білімдердің тәлімдік, тәрбиелік мәндеріне ерекше назар аударуымыз қажет. Зерттелген тақырыптың тәлімдік жағы жақсы ашылса, онда ол болашақта тағы қателіктерге бой алдырмауға септігін тигізеді. Сол себепті де, тарихымыздағы «Ақтабан шұбырынды» оқиғалары секілді тақырыптарды зерттеудің маңызы зор.



Сурет: kazgazeta.kz

* Көріп отырғанымыздай, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген тарихи сөз тіркесін ел аузынан жинап, қағаз бетіне түсіріп, оны алғаш рет ғылыми айналымға түсірген Шәкәрім Құдайбердіұлы. Мүмкін, Шәкәрім қажыға дейін де бұл атау қағаз бетіне түсірілген шығар, бірақ ол дүние біздің көзімізге түскен жоқ, қолымызға ілінген жоқ. Сол себепті де, терминді алғаш қолданған авторды Ш.Құдайбердіұлы деп санаймыз.

көбін қырып, қалғанын қуып жіберген. Сонда қазақтар аш-жалаңаш, жаяу шұбап бір көлдің басына келіп айнала сұлап жатыпты. Сонда бір ақсақал кісі айтыпты: балалар, адам бастан кешкен жақсылықты қалай ұмытпаса, жаманшылық көргенін де солай ұмытпау керек, біздің бұл көрген бейнетіміздің аты «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» болсын дейді, мағынасы «табанымыз ағарғанша жаяу жүріп, көлді айналып жатқан күн» дегені...». Одан әрі Шәкәрім қажы осы оқиғаға тікелей қатысты он екі жолдық «Қаратаудың басынан көш келеді» деп басталатын мұнды халық әнін келтіреді. Осы кітаптан соң, шамамен 1-2 жыл өткеннен кейін, 1912-1913 жазған «Қалқаман-Мамыр» жырында Шәкәрім қажы өлең түрінде «Ақтабан шұбырынды» жылдарындағы оқиғаларды былайша жырлайды:

«...Мың жеті жүз жиырма үшінші жыл,
Қазақ, қалмақ атысқан, мұны да біл.
Қалмақтың бастаушысы – Суан Раптан,
Өзі батыр, соғысқа тым айлашыл...
...Қазақты ол ұрыста қалмақ алды,
Үш есенің екеуін қырып салды.
Жеңілген соң тұра алмай Сыр бойында,
Арқаға қазақ ауыл кетіп қалды.
Осы жол – бар қазаққа белгілі жол,
«Ақтабан шұбырынды» дегенің сол.
Жаяу жүріп табаны апақ болып,
Қорлық көріп қазақтың
шұбырғаны ол...».

Тарихнамадағы

тарихи тұжырымдар

Ал бұл тарихи атауды орыс тілді кең ғылыми ортаға таныстырған келесі бір Алаш

ардақтысы – Мұхаметжан Тынышбаев болды. Егер Ш.Құдайбердіұлы бұл атауды өз еңбегінде жалпы мәтін арасында тек атап өтіп, оның пайда болу мағынасымен қысқаша түрде таныстырып қана өтсе, М.Тынышбаев өзінің 1927 жылы жарық көрген ғылыми мақаласының атауын «Ак-табан – шұбырынды» (Великие бедствия и великие победы казаков) деп атап, оны академик В.В.Бартольдтың құрметіне достары мен шәкірттерінің арнап шығарған жинағында жариялайды.

Кеңестік кезеңде идеологиялық тұрғыда алаш қайраткерінің есімін атауға тыйым салынғандықтан тәуелсіздікке дейін алаш ардақтысының еңбектерін де пайдалануға тыйым салынғаны баршаға аян. Сол себепті де, Алаш қайраткерінің тарихи тұжырымдары тарихнамада айтылмай, қалың оқырман түгілі, зерттеушілер үшін де беймәлім боп келді. Тек тәуелсіздік жылдары ғана оның мұралары халқымен қауыша бастады, жаңа заманның жаңа буын зерттеушілері оның еңбектерін толық пайдалануға мүмкіндік алды.

М.Тынышбаевтың мақаласы «Тарих» атты бөлімге, төртінші мақала боп енеді. XX ғасыр басындағы ұлт зиялысы «Ак-табан – шұбырынды» (Великие бедствия и великие победы казаков) атты мақаласының алғашқы сөйлемін «Осыдан 200 жыл бұрын казак халқы басынан ауыр жағдайды өткерді, одан кейін ұлттық рухтың жаппай көтерілгені және тарихи жау – қалмақтарға қарсы ерлікпен күрестің жүргені байқалды...», – деп бастайды. Көлемі жағынан 15-16 беттен тұратын мақаланың жартысынан астамы 1723–1726 жылдардағы жоңғар шапқыншы-

лығынан туған ауыр жағдайларды баяндауға арналса, қалған бөлігі Бұланты мен Аңырақай шайқастарындағы қазақ халқының жеңістері туралы айтады. Сондай-ақ, осы мақаласында автор халық есінде XVIII ғасыр басындағы қайғылы оқиғалардың «Ақтабан шұбырынды» атауымен қатар Кіші жүзде «Сауран айналған», Ұлы жүз бен Орта жүзде «Алқакөл сұлама» және «Қайың сауған» деп аталатынын айтады.

Міне, осы кездерден бастап барлық тарихи зерттеулер тарихи оқулықтарда қазақ-жоңғар қатынастарындағы 1723–1725 жылдар аралығы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғалары деп аталына бастады. Қазіргі таңда бұл атаудың санамызда терең орын алғаны соншалықты, 1723–1725 жылдар туралы әңгіме қозғалғанда ойымызға бірден осы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген сөз тіркестері келеді. Одан кейінгі кеңестік кезеңдегі тарихнамада бір жақты болса да XVIII ғасыр басындағы қазақ-жоңғар қатынастары мәселесінің аясы мен шеңбері кеңейіп, тың деректік материалдармен толықтырылып терең қарастырыла бастайды. Тәуелсіздік кезеңіндегі тарихнамада, яғни қазіргі кезеңдегі зерттеулерде XVIII ғасыр басындағы қазақ-жоңғар қатынастары мәселелері мейлінше көп зерттелді.

Оқиғаның алғышарттары, себеп-салдары мен сабақтары

Сонымен, «Ақтабан шұбырынды» оқиғаларының алғышарттары қандай?

Кезінде академик В.В.Бартольд өзінің «Түркістанның мәдени өмірінің тарихы» атты еңбегінде «...XVIII ғасыр бүкіл мұсылман әлемі үшін сындарлы болды» деген тұжырым айтып, оған Ирандағы, Хиуадағы, Бұхарадағы саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмірден бірнеше мысалдар келтіреді де, керісінше, «бұл ғасыр европалықтар үшін даму мен прогресс ғасыры, европалықтардың бүкіл жер бетіне үстемдігін орнатудың басы болды» деп жазған болатын [4, 275]. Мұсылман әлемінің құрамдас бір бөлшегі болған қазақ қоғамына да, оның мемлекеттілігінің дамуына да бұл тұжырымның тікелей қатысы бар. Олай болса, «Ақтабан шұбырындының» алғышарты болып саналатын хандық дәуірдегі қазақ мемлекеттілігінің XVIII ғасырдағы жағдайына қысқаша болса да назар аударып көрелік.

• Ел тарихында бұл дәуір Қазақ хандығы дәуірі деп аталады. Уақыт жағынан алғанда бұл дәуірге – XV ғасырдың ортасы мен XIX ғасырдың бірінші ширегі аралығы енеді, ал әлемдік тарих тұрғысынан қарасақ, бұл дәуір – Ортағасырлардың соңғы кезеңі мен Жаңа заманның алғашқы кезеңдерін қамтиды.

Дешті Қыпшақтың XV–XIX ғасырлардағы тарихы осы аумақта өмір сүрген қазақ этносының және оның саяси құрылымы – Қазақ хандығының тарихымен бітеқайнасып жатыр.

(Жалғасы бар...).



Беркет КƏРİBAEV,
ҚР ҰҒА академигі.



ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ

БҮЙРЕК ЕМДЕУДІҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСІ

Диализ фистулаларын қайта өзектеудегі жаңа мүмкіндіктер

Медицина әлемінде емдеу әдістері үнемі жетілдіріліп отырады. Диализ фистулаларын рентгенэндоваскулярлық қайта өзектеу бағыты да уақыт көшінен қалмай келеді. Алматы қаласында өткен «шеберлік сабағы» аясында эндоваскулярлы хирург-дәрігерлер мен нефрологтар үшін 6 бірегей ота жасалды. Бұл оталар барысында дұрыс жұмыс істемейтін диализ фистулалары бар науқастарды емдеудің инновациялық тәсілі көрсетілді.

Аталған тәсіл мегаполистегі Орталық қалалық клиникалық ауруханада алғаш рет көрсетілді. Бұл әдіс созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі бар науқастарды емдеуде жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Алматы қаласында созылмалы диализге тәуелді пациенттер санының өте көп болуы қазіргі кезде қолданылып жүрген артериалық-қан тамырлық фистулаларды пайдаланудың әлі де өзекті екенінің дәлелі.

Диализ фистуласы – созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі бар науқастарда диализды жүзеге асыру үшін қанайналым жүйесіне қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында артерия мен тамырлық қан тамыры арасындағы, әдетте білек не қолдың жоғарғы бөлігіндегі косылуы хирургиялық жолмен жасау.

Диализ фистуласы ағздан қан алу, оны токсиндер мен артық заттардан тазарту, содан кейін денеге қайта оралу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін жасалады. Бұл әдіс бүйрек қызметі шектеулі немесе жетіспейтін науқастардың өмірлік белсенділігін сақтау үшін қолданылады. Диализ фистуласын құру диализ процедураларын жүргізудің сенімді және қолжетімді жолын анықтауға мүмкіндік береді, бұл медициналық көмектің осы түріне мұқтаж науқастардың өмір сүру сапасын едәуір жақсартады.

Гемодиализ науқастарына арналған артерио-веноздық (диализ) фистула екінші жүрек болып табылады. Өйткені, ол арқылы ғана біз гемодиализ алатын науқастарымыздың өмірін сақтап қаламыз. Көбіне фистулалар жабылып қалып, өз жұмысын тоқтады, содан кейін науқасқа фистулань басқа жерде жасау керек болады. Бұл оның қолын тағы да басқа жерден кесу, жаңа хирургиялық араласуды білдіреді әрі жаңа фистула ұзақ уақыт жұмыс



істейтіндігіне ешқандай кепілдік жоқ. Көптеген науқастың жылдар бойы гемодиализ алатынын ескерсек, диализ фистулаларын жабылған кезде қолды басқа жерден кесуге тура келетіні анық. Нәтижесінде науқастың қолында АВ-фистулалар үшін сау орын қалмайды және тұрақты катетерлер орнатылады, бұл өз кезегінде мәселенің уақытша шешімі ғана (катетер инфекциясы қаупі бар – сепсис, тромбоз).

Эндоваскулярлық қайта өзектеу артерио-веноздық фистулалардың қызмет ету мерзімін ұзартудың негізгі нүктесін білдіреді. Бұл со-



зылмалы бүйрек жеткіліксіздігіне тап болған көптеген науқастың өмір сүру сапасына байланысты.

Осы әдістің арқасында науқастар артерио-веноздық фистулань қолдану мерзімін барынша ұзартуға мүмкіндік алады. Ал бұл олардың күнделікті өміріне үлкен әсер етеді.

«Шеберлік сабағы» И.И.Мечников атындағы Санкт-Петербург солтүстік-батыс мемлекеттік медицина университеті университеттік клиникасының дәрігері, эндоваскулярлық және қан-тамырлары хирургы Шамиль Асадуллаевтың қатысуымен өтті.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сұлтан ИЛИЕВ, дәрігер:

Алты пациентке қуаныш сыйладық

Біздің дәрігерлер үшін бұл «шеберлік сабағы» медициналық қауымдастық арасында осы озық емдеу әдістерін енгізудің қуатты құралына айналды. Ол жаңа перспективалар ашты және эндоваскулярлық хирургия саласын дамытуға итермеледі, нәтижесінде созылмалы бүйрек жеткіліксіздігінен зардап шегетін көптеген науқастың өмір сүру сапасы жақсарады. Осы «шеберлік сабағының» арқасында фистуланың өткізгіштігін қалпына келтіруді және оның функционалдылығын мүмкіндігінше ұзақ жылдарға ұзартуды үйрендік. Бізде бұл отаны қажет ететін алты пациент болды. Сол науқастардың бәріне аталған отаны жасадық және бәрі сәтті өтті. Енді біз ауруханада осындай отаны үнемі жасайтын боламыз.

СӘТТІ ОТА

«ӨМІРГЕ ҚАЙТА КЕЛГЕНДЕЙ БОЛДЫМ»

Жүректің ишемиялық ауруын емдеудің инновациялық тәсілі нәтижелі болды

Алматы қалалық Кардиологиялық орталығында коронарлық арнасының үш тамыры зақымданған 70 жастағы науқасқа күрделі ота жасалды.



«Науқас бізге ауыр жағдайда түсті. Коронаграфия кезінде біз жүрек бұшықетін қанмен қамтамасыз ететін үш жүрек тамырының бітелгенін көрдік. Екеуі толығымен бітеліп, үшіншісі ауыр жағдайда, 95%-ға бітелген еді. Шұғыл түрде ота жасау керек болды. Өйткені, науқасқа инфаркт алу қаупі төнген болатын. Мұндай ауыр жағдаймен әдетте аорта-коронарлық шунттау ұсынылады. Алайда, науқас мұндай отадан үзілді-кесілді бас тартты. Сондықтан біз оған стенттеу арқылы реваскуляризация жасадық. Тамырлардың өткізгіштігін қалпына келтіру үшін төрт стент имплантацияладық. Бұл әдіс созылмалы окклюзия кезінде күрделі араласуға мүмкіндік береді әрі пациент үшін қауіпті барынша азайтады», – дейді қалалық Кардиологиялық орталықтың интервенциялық кардиологы Айжан Құланбаева.

Ота Мәскеуден келген маман, медицина ғылымының докторы, профессор Александр Осиевпен созылмалы окклюзиялар мен коронарлық артериялардың күрделі зақымданулары бойынша «шеберлік сыныбы» аясында жүргізілді. Профессордың күрделі зақымданулар, созылмалы жалпы окклюзиялар, коронарлық артериялардың кальциленген зақымданулары үшін айналмалы атерэктомия кезінде ТКА-да үлкен тәжірибесі бар.

Профессормен бірге коронаграфия нәтижесін талқылағаннан кейін отаның оңтайлы әдісі анықталды.

«20–25 метр жаяу жүргенде демім қысылып қалатын. Қысылып қана қоймай, тұнығыатымын. Ауруханаға түсіп, стент жасаттым. 4 стент қойылды. Білесіз бе, мен өмірге қайта келгендей болдым. Мұның бәрі мені өмірге қайтарған дәрігерлердің арқасы. Құдай оларға бақыт пен денсаулық берсін. Осындай адамдар көп болсын», – дейді науқас отадан кейін.

Операция ауыртпалықсыз және кесуісіз, қолды тесу және тек жергілікті анестезияны қолдану арқылы өтті.

Мұның бәрі жүрек-қан тамырлары аурулары бар науқастарды емдеу кезінде қолданылатын озық әдістерге баса назар аударады.

Бұған дейін іш аортасының протездеуіне қарамастан, ота сәтті өтіп, науқас тез қалпына келді.

Бұл жағдай тіпті ең қиын жағдайда да дәрігерлердің кәсібилігі мен озық әдістер пациенттің өмірін түбегейлі өзгерте алатын қолайлы нәтижелерге әкелуі мүмкін екенін көрсетеді.

Жалпы, «шеберлік сыныбы» аясында күрделі жағдайы бар пациенттерге осындай 5 ота жасалды.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

ҚЫЗЫЛША ӨРШІП ТҰР

Бала денсаулығы басты назарда болуға тиіс

ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында қызылшамен сырқаттанушылықтың күрт өсуі күн тәртібінен тыс қаралды. Иә, қызылша біздің Алматыны да айналып өткен жоқ. Биыл мегаполисте наурыз айынан бастап қызылшаның 2653 зертханалық расталған жағдайы тіркелді, оның ішінде 14 жасқа дейінгі балалар арасында 2084 жағдай (78,5%), ал оның ішінде 1 жасқа дейінгі балдырған – 275. Осы орайда алматылық мамандар қызылшадан қорғайтын тиімді құрал тек вакцина деп отыр.

Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният хабарлағандай, елімізде қызылшаның 17 мыңнан астам жағдайы тіркелді. Олардың 82%-дан астамы балаларға тиесілі, оның көпшілігі вакцина алмаған балалар.

Үкімет отырысында ұйымдасқан ұжымдарда балалардың жиналуына байланысты биылғы қыркүйек айынан бастап сырқаттанушылықтың күрт өскені байқалғаны атап өтілді.

Бүгінгі күні елімізде қызылшамен ауырған науқастар үшін инфекциялық ауруханаларда 3,5 мыңнан астам төсек-орын орналастырылған, стационарлық емдеуде 2375 бала ем алуда. Бүгінгі таңда төсек орынмен қамту жүктемесі 59,5%-ды құрайды, 1 мыңнан астам орын резервте тұр. Емдеуге жатқызылғандардың ішінде 30 бала реанимация бөлімшелерінде ауыр жағдайда жатыр, 1 жасқа дейінгі 15 бала бар.

Қызылша бойынша жағдайы тұрақтандыру мақсатында 1 жастан 6 жасқа дейінгі 600 мыңнан астам бала жоспарлы иммундаумен қамтылды, бұл вакциналанатындардың 84%-ын құрайды. Бұл ДДҰ ұсынымына сәйкес келеді. Жыл соңына дейін осы жас аралығындағы 100 мыңнан астам баланы қамту жоспарланып отыр.

Ауру ошақтарында 15,4 мыңнан астам адам шұғыл вакциналаумен қамтылды. Сондай-ақ, 18 жасқа дейінгі бұрын егілмеген 63,2 мың балаға вакциналау жүргізілді. Сонымен қатар, науқастардың 65%-ы 5 жасқа дейінгі балаларға тиесілі екенін ескере отырып, қараша айынан бастап 1 жасқа дейінгі балаларды, сондай-ақ 2 жасдан 4 жасқа дейінгі балаларды қосымша жаппай иммундау басталды, 94 мың адам қамтылды. Биыл барлығы 770 мыңнан астам балаға вакцина егілді.

Сонымен қатар, қызылшаға қарсы вакцинаның қосымша 1,5 млн дозасы сатып алынды. Бүгінгі күні 500 мың доза келіп түсті, желтоқсан айында 1 млн доза жеткізіледі деп күтілуде. Жалпы, қосымша иммундаудың тиімділігі 2005, 2015 және 2019 жылдардағы қызылшаның алдыңғы өршуі кезінде дәлелденді.

Премьер-министр елімізде аурудың таралуын мүмкіндігінше тезірек тоқтату керектігін атап өтті. Үкімет басшысы вакцина алудан басқа, мұндай қауіпті вируспен басқаша күресу мүмкін емес екенін атап өтті және тиісті жұмысты күшейтуді тапсырды.

«Қызылша асқынып кетсе, балалардың денсаулығына аса қауіп төндіреді. Сондықтан онымен тек денсаулық сақтау жүйесі ғана емес, бүкіл қоғам болып, күресуіміз қажет. Бала денсаулығы басты назарда болуға тиіс. Денсаулық сақтау министрлігі мен әкімдіктер вакцина алудың қажеттілігі туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту керек. Барлық әкім вакциналау мәселесін жеке бақылауда ұстап, Денсаулық сақтау министрлігімен бірге жұмысты үйлестіруі қажет», – деді Әлихан Смайылов.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.



МЕДИАЦИЯ

Қоғамдағы дау-жанжалды сотқа жеткізбей, екі немесе одан да көп тараптарды өзара татуластыратын делдалдық қызмет – медиацияны медитациямен шатастырып жатады. Медиация – қазаққа жат ұғым емес, ежелгі билер институтының жалғасы. Бірақ билер сотынан бір айырмашылығы, ол кезде билер шешім қабылдаса, медиацияда тараптарға шешім қабылдау құқығы берілген. Заманауи халықаралық терминді латын тілінен аударғанда, «мәмілеге келу», «делдал» деген мағынаны береді.

Көпшілігі болмашы ұрыс-керістен туындаған дауды шешу үшін тек сотқа жүгінуді әдетке айналдырған. Медиация соттың жұмысын едәуір жеңілдетеді. Елімізде «Медиация туралы» Заң 2011 жылы 5 тамызда жарияланды. Бұл заң –

ДАУДЫҢ НҮКТЕСІ

Сотқа емес, медиаторға жүгінудің артықшылығы неде?



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

бұрынғы дәстүрлі билер мен ата-баба тағылымының тәжірибесін бүгінгі өркениетпен байланыстыру. Әлемде 1947 жылы енгізілді. Бұл тәсіл алғаш рет Ұлыбритания, АҚШ, Германия елдерінде пайда болып, қазір Жапония, Қытай мен Кореяда белсенді қолданылып келеді.

Біздегі заңға сәйкес медиациямен арнайы медиаторлар ғана айналысады. Олардың міндеті – екі жақтан болған дауды сотқа жеткізбей шешуге мүмкіндік беру, тараптарды татуластыру. Медиаторлар қызметі әлеуметтік салаларда, тұрғын үй, несие алуудағы немесе басқа да мәселелерді шешуде көмегін тигізеді.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Дана АҚӘДІЛҚЫЗЫ, «Қазақстан кәсіби медиаторлары мен құқықтық кеңесшілерінің қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің президенті, зангер-медиатор:

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП БАР ЖЕРДЕ НАҚТЫ НӘТИЖЕ БОЛАДЫ

Қоғамда өмір сүрген қауымда қашанда өзіндік сенім, талап пен шарт, заңдар болатыны анық. Сол заңдарға бағыну арқылы елде тыныштық, татулық пен бірлік, әділдік пен мәдениет қалыптасады. Сол сияқты, біздің елімізде де мемлекеттілік тұғырын нығайта түсу үшін заң үстемдігін орнықтыру өте маңызды.

Осы орайда, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев заңның сақталуын, барлық мәселе заң шеңберінде шешілуін талап етіп, азаматтардың құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыруға аса мән беріп жүргенін білеміз. «Заңсыздық, тәртіпсіздік, мәдениетсіздік елді жарға жығады. Мұндай жағымсыз үрдістерге бүкіл қоғам болып қарсы тұруымыз керек. Ал тәртіпке бағынған қоғам өркениетті болады. Бұл – заңдылық.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процесі кодексінің 134-бабына сәйкес, медиациялық шарттың міндетін орындау үшін 3 жұмыс күнінде соттың бұйрығын шығарып, атқару парағымен сот орындаушыға жүгінуге болады. Медиаторлар тараптардың ұстанымымен, мүддесімен жұмыс істемейді. Ең бастысы,

бейтарап болуы керек. Жоғары білімді, 25 жасқа толған Қазақстан азаматы медиатор бола алады. Келіспеушіліктен болған жанжалды әділдікке сүйеніп, ымыраға келу арқылы тараптар ақылға қонымды шешімге келеді. Медиациялық даулар көбінесе құқықтық шеңберде ғана емес, қарым-қатынас мәселесінде де болады. Осы жерде бір нәрсені есте сақтаған жөн. Медиатор сот секілді шешім қабылдамайды. Дауға қатысты тараптармен келіссөздер ұйымдастырады. Оның барысында тараптар шешім қабылдайды. Медиациялық іске қатысу-қатыспау әрбір азаматтың құқығы. Іс әрі кетсе, 4 аптаға дейін созылуы мүмкін. Тіпті, бір-ақ күнде, бір кездесу арқылы келісімге келетін жағдайлар болады.

Кез келген сот сатысында медиацияға жүгіну – әр азаматтың құқығы, әрі тиімді шешімге келудің бірден-бір жолы. Сондықтан азаматтар даудың шешімін соттан емес, медиациядан іздеуі керек деп санаймын.

Меруерт АЙТАЛЫ, медиатор:

КӘСІБИ МЕДИАЦИЯ ДАМЫМАЙ ТҰР

Тәжірибемде Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Жақсылық көрсем өзімнен, жамандық көрсем өзімнен, тағдыр қылды деулерді, шығарамын сөзімнен» деген өлең жолдарын басты ұстанымым ретінде қолданамын. Кез келген жағдайда кінәні адам бірінші өзінен іздей бастаса, ымыраға келу жеңілдейді.

Ең көп дау отбасылық, тұрмыстық бағытта болады. 90%-ы – ажырасуға қатысты істер. Әкесі балаға таласады, анасы «бала менде қалады» дейді.

Соңғы рет медиациялық көмек сұрап келген отбасында бірнеше рет ажырасуға әрекет болған, бірақ отбасын сақтап қалған. Тіптен болмағаннан кейін, медиацияға жүгінді. Ең алдымен, тараптардың бәрін мұқият тыңдап, шешімге келуі керек. Әр тараппен жеке жұмыс жүргіземіз. Тапсырма беріп, тараптарды тыңдап болғаннан кейін талдау жасалады. Дауласқан тараптардың пікірін бір-біріне айтпау керек. Медиаторлар құпиялылықты қатаң сақтауға тиіс. Кейбір тараптар өте агрессивті, ашуланып келеді. Тіпті, келген кезде оларды татуластырмақ түгілі, ашуын басудың өзі қиынға соғады. Тәжірибемде мұндай жағдайлар жиі кездеседі. Сондықтан медиатордың психолог болуы да маңызды рөл атқарады.

Медиация туралы қазақша ақпарат аз екені рас. Тіпті, медиатордың кім екенін, оның қызметін білмей жатады. Сотқа барғанда бір-ақ біледі. Медиация туралы заң қабылданғалы 10 жылдан асса да, соттағы жүйені халық арасында дұрыс насихаттай алмай келеміз. Кәсіби түрде дамымай тұр. Ушыққан, медиацияға келмейтін істер сотқа жіберіледі. Медиацияның сот процесінен айырмашылығы – медиациялық іске заң өкілі араласпайды. Сот процесіндегідей емес, еркін болады. Медиатор кәсібилігін көрсетсе, іс оң шешімін табады.

БРИФИНГ

ТАУАР БЕЛГІСІ

заңмен қорғалады

Тауар белгісін заңсыз пайдаланғаны үшін заңда жауапкершілік қарастырылған. Алматы қаласы Әділет департаментінің зияткерлік меншік құқықтары саласындағы жылдың басынан бері атқарылған жұмыс туралы департамент өкілі айтып берген еді.

Зияткерлік меншікті қорғаудың маңызды аспектілерінің бірі – тауар белгілерін қорғау. Тауар белгілерін тіркеу және қорғау заңнамаға және халықаралық келісімдерге сәйкес жүзеге асырылады. Аумақтық Әділет органдары тіркелген тауар белгілерін заңсыз пайдаланудың жолын кесуде және құқық иелерінің құқығы мен мүддесін қорғауда маңызды рөл атқарады.

Тауар белгілері тұтынушылар үшін үлкен маңызға ие. Өйткені, олар тауарды таңдауда нұсқаулық ретінде қызмет етеді және сапаға байланысты болады. Алматыда 15 млн теңгеден астам соманың контрафактілік өнімдері анықталды. Контрафактілік

өнімдерге қатысты негізгі бұзушылықтар Chanel, Toyota/Lexus, Apple, Iphone, ZEPTEP, Levi's, Louis Vuitton, SKF, LEGO және PUMA сияқты танымал сауда белгілерімен байланысты.

«Биыл департамент 34 әкімшілік іс қозғады. Заңсыз айналымнан жалпы сомасы 15 млн 243 мың 971 теңгені құрайтын 16 107 контрафактілік өнім алынды. Тауар таңбалары мен ұқсас белгілерді заңсыз пайдалану бойынша, 28 құқықбұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылды», – деді Алматы қаласы Әділет департаментінің зияткерлік меншік құқығы бөлімінің басшысы Еркебұлан Жетпісбаев.

Әділет органдарының өкілдері біреудің тауар белгісін заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік қарастырылғанын еске салды. Тәркіленген контрафактілік тауарлар, заңнамаға сәйкес жойылуы керек.

Спикер өз сөзінде департаментте халық, кәсіпкерлер және құқық иелері арасында ақпараттық құқықтық түсіндіру шаралары өткізіледі. Осы жылдың басынан бері 400-ден астам осындай іс-шаралар өткізілді.

Құқығы мен мүддесі бұзылған жағдайда тұрғындар әкімшілік жауапкершілік шараларын қолдану үшін әділет органдарына жүгінуі қажет.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

ТӘРБИЕ



Алматы қаласы, Алматы және Жетісу облыстары бойынша қымыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 мекемесінде «Тілі бірдің тілегі бір» деген тақырыпта КВН өтті.

ТАПҚЫРЛАР АЛАҢЫ

көңілді жастарды жинады

Көңілді тапқыр алаңына Алматыда орналасқан Туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжінің «КИТИГ» командасы, Технология және флористика колледжінің «Сникерс» командасы, Алматы дизайн және сән колледжі, Логистика және көлік академиясының «Уақыт жоқ» командасы, сондай-ақ №11 мекеменің «Алмас қылыш» командасымен жалпы 5 команда қатысты.

Жарыс 3 турдан тұрды. Сәлемдесу, бес жаңалық айту және үй тапсырмасы бойынша өтті. Аталған топтардың өнерін құрамына №3 ЖББМ КММ директорының орынбасары Айзада Әлиева, Жетісу аудандық прокуратурасының бөлім прокуроры Лияс Шопабаев, «Social Project Map-ament» қоғамдық ұйымының өкілі Мұхамедисан Әбдібекұлы сынды азаматтар кірген қазылар алқасы бағалады.

Өнерге құштар жастар барын салды. Жиналған

қауымды күлдірді, күлдіре отырып ойлантады. Түзеу мекемесінде өткен КВН-нің 1-орнын «Алмас қылыш» пен «Уақыт жоқ» иеленсе, 2-орынды «Сникерс» пен «КИТИГ» иемденді. Ал Алматы дизайн және сән колледжінің жастары жүлделі 3-орынға қуанды.

– Біздің мекемеде осындай көңілді және тапқырлар ойынын өткізуге жылда қолдау көрсететін студент-жастарға алғысымыз шексіз. Біздегі бас бостандығынан айырылып, жазасын өтеп жатқан жасөспірімдерге мұндай іс-шаралар өте керек. Олар бұл жарыстарға қызыға байындалады, ізденеді, уақытын тиімді әрі сапалы өткізеді. Алдағы уақытта да жалғастыра беретінімізге сенімдіміз, – деді САӨПТЖБ бөлімінің бастығы, әділет подполковнигі Алма Бәзілбаева.

Нұр ЖАМАЛ.



АҚЖОЛТАЙ АҚПАРАТ

ЖАС ӨНЕРТАПҚЫШТАР ЖЕҢІСІ

Алматылық оқушылардың ғылыми жобасы халықаралық өнертабыстар көрмесінде жүлделі орынды иеленді

Алматылық оқушылар Балиде өткен «INTERNATIONAL SCIENCE AND INVENTION FAIR (ISIF – 2023)» атты оқушылар арасында Халықаралық Ғылым және Өнертабыстар көрмесінде үш алтын медальді иеленді. Жас өнертапқыштар қаламыздағы №24 лицейдің оқушысы Халбай Диар, №178 мамандандырылған лицейдің оқушылары Ажар Нышанбай мен Тоғжан Жандарбек. Көрмеде олар өздерінің ғылыми эзирлемелерін, күнделікті өмірде қолдануға болатын «Life science» санатында ұсынған еді. Мәселен, Ажар Нышанбай мен Тоғжан Жандарбектің бірлескен жұмысы металдың коррозиясын болдырмау үшін қорғаныс жабынын жасауға байланысты. Ал Диар Халбай болса, Дейкстра алгоритмін қолдана отырып, Қазақстан қалаларына ең тиімді жол жүру бағыттарын анықтайтын бағдарламаның жобасын ұсынды. Өз кезегінде бұл әдіс бір қиырдан екінші қиырға бағытталған оңтайлы бағытты табуға мүмкіндік береді.

«Көрмеге қатысу мен үшін өзімді көрсетуге және елімді таныстыруға тамаша мүмкіндік болды. Көрмеде мен өз жобамды қорғаумен қатар, адамдарға өнімді, өнертабысымды ұсынғандай сезіндім. Өйткені, әрбір идея, әрбір жоба ғылым мен инновация әлемінде өз ізін қалдыратын инновацияның бір түрі. Әсіресе, қазір әр адам бүкіл әлемді білім мен тапқырлықпен жеңе алатын кезде. Isif-те алған тәжірибемнің арқасында мен өз идеяларымды дамытуға және одан әрі жетілдіруге ынтылымын», – дейді жас ғалым Диар Халбай.

Жалпы, жас өнерпаздардың қара жаяуы жок. Бұған дейін бұл балалар республикалық зерттеу жобалары байқауына қатысып, жеңімпаз атанған. Сонымен қатар, Алматы



қаласының олимпиадалық командасының қатарында. Жыл сайын республикалық және халықаралық жарыстарға қатысу үшін «Алматы дарыны» дарынды балалар мен дарынды жастарды анықтау және қолдау орталығы дайындайды. Командаларды дайындау үшін үздік қазақстандық және шетелдік жаттықтырушылар тартылып, оқу-жаттығу жиындары үнемі өткізіліп тұрады.

2022-2023 оқу жылында 90 алматылық оқушы 15 халықаралық олимпиадалар мен конкурстарға қатысты. 43 оқушы жеңімпаз және жүлдегер атанды, олар 7 алтын, 13 күміс, 23 қола медаль жеңіп алды.

Айта кетерлігі, сәуір айында республиканың жиырма өңірінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша республикалық олимпиаданың төртінші (қорытынды) кезеңі өткен еді. Олимпиада екі турда қашықтықтан классикалық олимпиадалық тапсырмалар түрінде өткізілді. Республикалық кезеңде Алматы қаласының 45 оқушысы қатысып, Алматының құрама командасы 30 жүлделі орынға ие болды.

«Алматы қаласы Білім басқармасы дарынды балалардың білім алуына үлкен мән береді, сондықтан олардың зияткерлік-шы-

ғармашылық әлеуетін арттыру үшін республикалық және халықаралық олимпиадаларға қатысуын ұйымдастырады. Алматы қаласының олимпиадалық командасы 18 жыл бойы республикалық олимпиадалардың қорытындысы бойынша «ҚР Үздік олимпиадалық команда» болып табылады. Бұл қаланың басты жетістігі мен мақтанышы», – деп атап өтті Алматы қаласы Білім басқармасының «Алматы дарыны» орталығының директоры Гүлнұр Кәрімғажы.

Олимпиадаларға 1–12-сынып аралығындағы балалар мен жасөспірімдер қатыса алады. Тәрбиешілер оқушылардың қазіргі бағаларына қарамастан, Олимпиадаларда өз әлеуетін ашуға мүмкіндік беру үшін талантты оқушыларды табуға және дамытуға тырысады. Оқушылардың олимпиадаларға қатысуы аналитикалық ойлауды, логиканы және білімді іс жүзінде қолдана білуді талап етеді. Олимпиадалар мұның бәрін республикалық және әлемдік деңгейде көрсетуге мүмкіндік береді және бұл одан әрі мансап үшін маңызды қадам болуы мүмкін. Жалпы, олимпиадаларға қатысу оқу материалын терең зерттеуге ықпал етеді және өмірдің түрлі салаларында пайдалы болуы мүмкін дағдыларды дамытады.

ТУРНИР

Әуезов ауданындағы «№117 мектепте 9–11-сынып оқушылары мен колледж студенттері арасында «Қазіргі Қазақстандағы жастар арасындағы патриотизм: миф әлде шындық па?» тақырыбында дебаттық турнир өтті.

БЕЛСЕНДІ ЖАСТАР КӨБЕЙДІ

Аталмыш дебат алдағы Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылып отыр. Турнирдің мақсаты – өз бетімен еркін шешім қабылдау кезінде сыни ойлау стратегиясын меңгеру дағдыларын дамыту, Тәуелсіз Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін талдау барысында шындыққа қол жеткізу болып табылады.

Осыдан үш жыл бұрын тарих пәнінің мұғалімі Д.Әлімқұлова жетекшілік ететін «Жақсылыққа бірге барайық!» атты дебат клубы құрылған еді. Мектеп дебатерлерінің қарсыластары «№121 мектеп оқушылары, Алматы Мемлекеттік сервис және технология колледжінің және Алматы сервисік қызмет көрсету колледжінің студенттері. Бұл күні дебат турнирінің төрешілері ретінде Алматы қаласының пікірсайыс жастар лигасының мүшелері шақырылды. Турнир басталар алдында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік концерттің қонағы «Домино» тобы болды.

Дебатта жастар арасындағы патриотизм, қалалардың өсуі, атом электр станцияларының құрылысы, жарнамаға тыйым салу және тағы басқа өзекті тақырыптар қозғалды. Жастар патриотизмнің жаңа тұжырымдамасын ұсынды, бұл талқылауға сын болды. Командалардың әрқайсысы өз ұстанымдарын нақты мәліметтермен дәлелдеді. Бұл іс-шара жастардың жан-жақты дамуының, оның ішінде олардың азаматтық ұстанымын нығайтудың маңыздылығын тағы да дәлелдей түсті. Қатысушылар мысалдар келтірді, талдады, қарсыластарына сұрақтар мен қарсы дәлелдермен шабуыл жасады. Оқушылардың сөз сөйлеуі, дәлелдеу және талдау, дәлелдемелердің өзектілігі мен орындылығы параметрлер бойынша бағаланды.

ТӘЖІРИБЕ

РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҚ

мектепке дейінгі білім берудің сапасын арттыру жолындағы тағы бір нақты қадам

Алматы қаласында алғаш рет мектепке дейінгі балалар ұйымдарының әдістемелік қолдау орталығы – «Қалалық мектепке дейінгі ресурстық орталық» ашылды. Бұл орталық мектепке дейінгі білім берудің сапасын арттыру жолындағы тағы бір нақты қадам болып отыр.

Аталмыш орталық Алматы қаласы білім басқармасының тікелей басшылығымен ашылған еді. Жалпы, орталықтың негізгі мақсаты – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыруда отандық және халықаралық инновациялық тәжірибені енгізіп, оны қала балабақшаларына кеңінен тарату.

Сонымен қатар, қазіргі заман талабына және халықаралық стандарттарға сәйкес мектепке дейінгі білім берудің сапасын дамыту және трансформациялау.

Біз Алматы қаласының мектепке дейінгі ресурстық орталығының басшысы Рашида Тұрғанқызына хабарласып, жаңа орталықтың бағыт-бағдары мен мақсаты тұрғысында әңгімелеп беруін өтінген едік.

– Біздің басты міндетіміз – жан-жақты, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу болғандықтан, ең алдымен озық педагогикалық тәжірибені қолданған жөн дер едім. Ең алдымен, біз өзімізге қолайлы деп тапқан озық іс-тәжірибені анықтап, жан-жақты зерттеп болған соң ғана таратамыз. Сондай-ақ, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыруда инновациялық білім беру жобаларын, авторлық бағдарламаларды, технологияларды дамыту ке-

рек. Үздік тәжірибелерді тарату үшін мамандарды арнайы тағылымдамадан өткізу керек екені белгілі.

Соңғы кездері ерекше балалардың жан-жақты дамуы үшін инклюзивті білім беруге кеңінен көңіл бөліп отырмыз. Осыған байланысты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында инклюзивті білім беруді қамтамасыз етудің басқарушылық аспектілерін жетілдіру қажет.

Бұл үшін Алматыда инклюзивті білім беру технологиясының педагог кадрларын оқытуға, ата-аналар мен қоғамдастық мүшелерін білім беру процесіне тартуға, пилоттық play Hub-тарды құруға, ерекше қажеттіліктері бар балалар мен ата-аналарға арналған мектепке дейінгі ұйымдар жанындағы инклюзивті кеңістіктерге бағытталған «БЖЗҚ жағдайында инклюзивті оқытуды ғылыми-әдістемелік сүйемелдеуді әзірлеу» жобасы бар.

Сондай-ақ, бұл жұмыстардың жүйелілігі үшін ECERS-3 жаңа құралын қолдана отырып, мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалаудың қалалық жүйесін пайдалану өте маңызды, – дейді Рашида Тұрғанқызы.

Сонымен қатар, Рашида Тұрғанқызының айтуынша, қалалық



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«Мектепке дейінгі ресурстық орталық» педагогикалық қызметкерлердің қалалық әдістемелік бірлестіктері желісінің жұмыс істеуіне жәрдемдесіп, педагогтарға кәсіби құзыреттілігін арттыруға кеңінен мүмкіндік беретін көрінеді.

Бұдан басқа, орталықтың бірінші кезектегі міндеті – білім беру нәтижелеріне сапалы қол жеткізу үшін әрбір педагогтың ақпараттық, ғылыми-әдістемелік, материалдық-техникалық ресурстарға еркін қол жеткізуі мақсатында мектепке дейінгі білім беру жүйесінің ақпараттық-білім беру ортасын қалыптастыру.

– Ресурстық орталықтың ашылғанына көп уақыт өте қоймаса да, оның мамандары көптеген қызықты іс-шараларды өткізіп жатыр. Атап айтқанда, осы жылдың қыркүйек айынан бастап

«Шамадан тыс жүктеме: халықаралық деңгей» атты жоба басталды. Оған Алматы қаласындағы 35 мектепке дейінгі мекеме қатысты. Айта кетерлігі, олардың басшылары Сингапур мен Англияда шетелдік тағылымдамадан өтіп келді.

Тағы айта кетерлігі, «Mosaic Global Pte Ltd» (Сингапур) компаниясымен келісім-шарт жасалды. «Teachers Lab», «Global Education», «ҚазҰПУ ұйымдарымен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойдық. Бұған қоса, «Баршаға арналған мектеп» Қоғамдық білім беру қоры мен ЮНЕСКО-ның камералдық кеңсесімен тиімді ынтымақтастық орнатылды.

Жақында ғана Сингапурдың озық тәжірибесін зерделеген Алматы қаласындағы мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының басшылары арасында

«Алматы қаласындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыруда Сингапурлық тәжірибені енгізу», «2023-2024 оқу жылында тәрбие-білім беру үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктері» атты қалалық семинар өткіздік. Әлемдік озық білім жүйесіне қол жеткізу үшін Англияда тағылымдамадан өткен мектепке дейінгі ұйымдардың менгерушілері үшін «Тұрақты даму үшін білім беруді мектепке дейінгі білім беруге интеграциялау: педагог-практиктерге арналған тренинг» семинары ұйымдастырылды.

Орталық қызметкерлері ЮНЕСКО-ның шақыруы бойынша «Қазақстанда 2030 жылға дейінгі кезеңге тұрақты даму мүддесінде білім беру» бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық бастаманы әзірлеу жөніндегі ұлттық семинарға қатысып қайтып, – деді Рашида Тұрғанқызы.

Алматы қаласының мектепке дейінгі Ресурстық орталығының жоспарлап отырған жұмысы өте көп. Алға қойып отырған барлық міндеттерді одан әрі іске асыру үшін халықаралық және қазақстандық тәжірибені мұқият зерделеу жоспарлануда.

Сонымен қатар, орталықтың жоспарында шетелдік тәжірибені оқыту және зерделеу бойынша жаңа кездесулер, конференциялар, іс-шаралар өткізу бар. Мұның бәрі қазақстандық мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыруға оң әсерін тигізетіні сөзсіз.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 28 қарашадағы
№4/524-710 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір
қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Алматы қаласы әкімдігінің қаулыларына келесі өзгерістер енгізілсін:
1) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2020 жылғы 17 маусымдағы №2/115-260: қосымшасындағы: реттік нөмірі 5 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

5	Зиявдинова Зухра, Турдиева Сажидям Молутжановна, Зиявдинов Арманжан Молутжанович, Зиявдинова Мариям Молутжановна, Самандарова Гульминям Молутжановна, Зиявдинова Зульфия	20-312-043-335	«Достық» шағынауданы, Аймусин көшесі, 2/5	жалпы -0,0971 алынатын бөлігі - 0,0300
---	--	----------------	---	--

»;
реттік нөмірі 8 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

8	Мухтаров Сайпидин Камалдинович	20-312-043-510	«Достық» шағынауданы, Аймусин көшесі, 1 Д	0,0389
---	--------------------------------	----------------	---	--------

»;
реттік нөмірі 9 жолы алынып тасталсын;
реттік нөмірі 26 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

26	Тасыбаева Кульзайнат Черимовна	20-322-004-860	«Қалқаман-2» шағынауда- ны, Машан көшесі, 28	0,0600
----	--------------------------------	----------------	--	--------

»;
2) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2022 жылғы 21 қыркүйектегі №3/314-518: қосымшасындағы: реттік нөмірі 8 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

8	Избакиев Шаукет Пидрахметович	20-322-002-1198	«Шұғыла» шағынауданы, Әшірбек Сығай көшесі,49/1	0,0437
---	-------------------------------	-----------------	---	--------

»;
реттік нөмірі 20 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

20	Мамедов Исмаил Балабекович	20-322-002-227	«Шұғыла» шағынауданы, Жуалы көшесі, 76	0,0600
----	----------------------------	----------------	--	--------

»;
3) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2022 жылғы 7 қыркүйектегі №3/314-456: қосымшасындағы: реттік нөмірі 9 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

9	Мельников Анатолий Евгеньевич, Мельников Владислав Анатольевич	20-322-007-709	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қыдырбеков көшесі, 121, 2 пәтер	жалпы - 0,1905 үлесі - 0,0637 үлесі - 0,0318
---	--	----------------	---	--

»;
реттік нөмірі 13 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

13	Симчук Анна Иосифовна	20-322-007-039	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қыдырбеков көшесі, 125, 1-пәтер	жалпы - 0,1590 үлесі - 0,0277 үлесі - 0,0277 үлесі - 0,0277
----	-----------------------	----------------	---	---

»;
реттік нөмірі 17 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

17	Попова Лариса Константиновна	20-322-007-076	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қыдырбеков көшесі, 130	0,1241
----	------------------------------	----------------	--	--------

»;
4) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2023 жылғы 23 ақпандағы №1/1-148: қосымшасындағы: реттік нөмірі 1 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

1	Даулетов Болат Амангельдиевич	20-321-029-039	«Алтын Алма» бағбандық серіктестігі, 9	0,0700
---	-------------------------------	----------------	--	--------

»;
5) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2023 жылғы 24 тамыздағы № 3/370-494: қосымшасындағы: реттік нөмірі 24 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

24	Бакаев Максим Леонидович	20-321-069-1006	«Алғабас» шағынауданы, Молдияр Серікбаев көшесі, 2	0,0800
----	--------------------------	-----------------	--	--------

»;

5) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2023 жылғы 24 тамыздағы №3/370-495: қосымшасындағы: реттік нөмірі 1 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

1	«Гуль-Канат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-322-004-007	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әшімов көшесі, 1 В	0,1564
---	---	----------------	--	--------

».

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орын-басарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі**Е.ДОСАЕВ**

**Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 28 қарашадағы
№4/524-711 қаулысы**

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 16 мамырдағы №5/19 қорытындысының негізінде негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Сайын көшесін ұзарту үшін, Алматы қаласының Алатау ауданында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 16 мамырына дейін болып белгіленсін.
3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
2) жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының теңгеріміне берсін;
3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орын-басарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі**Е.ДОСАЕВ**

*Алматы қаласы әкімдігінің
2023 жылғы 28 қарашадағы
№4/524-711 қаулысына қосымша*

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуга жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Хашимов Равиль Рашитович	20-321-029-063	«Алтын Алма» бағбандық серіктестігі, 11	0,0700
2	Барашева Нелли Райдиновна	20-321-072-1314	«Алтын Алма» бағбандық қоғамы, 22	0,0700
3	Барашева Нелли Райдиновна	20-321-072-1315	«Алтын Алма» бағбандық серіктестігі, 24 учаске	0,0700
4	Квашнина Ольга Николаевна	20-321-072-1354	«Алтын Алма» бағбандық қоғамы, 39	0,0700
5	Сыдыков Нурсеит Оkenович	20-321-072-1494	«Алтын Алма» бағбандық серіктестігі, 43 учаске	0,0700
6	Евлашевская Анна Ивановна	20-321-072-1565	«Алтын Алма» бағбандық серіктестігі, 6 учаске	0,0700
7	Алакучуков Сергей Галиевич	20-321-072-1731	«Алтын Алма» бағбандық серіктестігі, 100А	жалпы - 0,0700 үлесі - 0,0400
8	Латышев Вячеслав Валерьевич	20-321-072-1731	«Алтын Алма» бағбандық серіктестігі, 100А	жалпы - 0,0700 үлесі - 0,0300
9	Умбеткулов Бағдат Махатаевич, Умбеткулова Толкын Лияшовна	20-321-072-2401	«Алтын Алма» бағбандық серіктестігі, 20 учаске	0,0700



ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2024 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2024 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет.

2023 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке салып, «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp нөміріне 8 707 752 92 32 немесе alatayaqparat@mail.ru электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

«Қазпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық почта бөлімшелерінде жазылуға болады.

2024 жылға бір жылға жазылу бағасы:

65503 | Жеке жазылушылар үшін

95503

Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін

6433,44 теңге

4033,44 теңге

Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін post.kz сайты немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, онлайн ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Ресімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша Post.kz қызметі арқылы жүзеге асырылады.

Жазылушылар назарына!

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Almaty aqshamy» газеті аптасына 2 рет (сейсенбі, жұма) шығады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ

тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –

Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР

тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –

Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –

Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің

редакторы –

Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және

тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылық бөлімінің

редакторы –

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –

Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ

тел: 293-08-12.

e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және

тарату бөлімі

e-mail: dalemesh@vecher.kz

тел: 293-08-12.

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:

Мұрат ӘУЕЗОВ,

Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,

Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:

«Almaty Aqparat» ЖШС.

alatayaqparat@mail.ru

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**

Апталық

таралымы – 18 663

Кезекші редактор –

Нұржамал ӘЛІШЕВА

Газет Қазақстан Республикасының

Ақпарат және қоғамдық даму

министрлігінің

Ақпарат комитетінде тіркелген.

Тіркеу туралы

№KZ80VPY00026040

куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.

Суреттердің сапасына

редакция жауапты.

Жарнама мәтініне жарнама беруші

жауап береді.

Автордың мақалалары редакция

көзқарасын білдірмейді.

Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де

басылды. 050044, Алматы қаласы,

Қалдаяқов көшесі, 17.

Тел.: 273-50-53

Офсеттік басылым,

көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»**

**әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.**

ҚҰТТЫҚТАУ



**Құрметті Мейрамгүл Дәуренбекқызы
Мұсабекова!**

50 жасқа келген мерейлі сәтің
құтты болсын!

*Құтты болсын, мерейтой, 50 жасың.
Әр уақытта домалап өрге тасың.
Қосағыңмен қоса ағарып, шөбере сүй,
Ешқашан да көңіліңді кір шалмасын.*

Ізгі тілекпен,
Алматы қаласындағы құрдастарың.

«БІРТҮТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ»

«АЗАТТЫҚТЫ АҢСАҒАН АЛАШ ІЗБАСАРЛАРЫ»

Колледж студенттері апталық өткізді

**ББМ лингвистикалық колледжінде «Алаш
азаматтарын ұлықтау» айына арналған «Азаттықты
аңсаған Алаш ізбасарлары» атты апталық өтті. Ол
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрілігінің
«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша
ұйымдастырылған.**



**Ернұр
РЫСБАЙ**

– Төрт күнге созылған апталықта студенттер мен мектеп оқушылары
Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытов сияқты
тұлғалардың еңбектерімен танысып қана қоймай, өзара сайыстар
ұйымдастырды. Апталықтың алғашқы күнінде Алаш қайраткерлерінің
өлеңдерін жатқа оқып, бақтарын сынады. Келесі күні жазбаша түрде
шығарма, эсселер жазып шын мықтыны анықтадық. Сонымен қатар,
апталық барысында Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» фильмін
студенттердің назарына ұсындық. Осы ретте оқушылар Алаш
қайраткерлері туралы мақалалар жазды, – деді «Лингвистикалық
колледж» ББМ директоры Әлия Өтегенқызы.

Апталықтың қорытынды іс-шарасында студенттер арнайы концерт
ұйымдастырды. Қазақ халқының танымал әндерін хормен орындап, ұлттық
би биледі. Алаш қайраткерлерінің өмірінен үзінді ретінде қойылым
көрсетті. Концертке шақырылған қонақтардың қатарында жас ғалым,
алаштанушы Біләл Ертай болды.

– Алаш қайраткерлері біздің үлгі тұтар тұлғаларымыз болуы керек.
Олардың білімге деген құштарлығы ерекше болған, жас кездерінен бірнеше
тілді үйренген. Әлихан Бөкейханов тоғыз тілді меңгерген, Алаш
қайраткерлерінің ең аз дегені төрт тіл білген. Ол кезде қазіргідей
ғаламтор желілері болмаған, тіл үйренуге мүмкіндік аз болса да, бірнеше
тілде еркін сөйлеген. Жүсіпбек Аймауытов француз жазушыларымен
француз тілінде хат алмасқан. Алаш қайраткерлері қазақ тілін, тарихын
жақсы меңгерген болатын, – деді Б.Ертай.

ПРЕМЬЕРА

«АЛДАР КӨСЕ»

нағыз отбасылық спектакль

**Абай атындағы
Қазақ ұлттық опера
және балет
театрында Алмабек
Мейірбековтың
музыкасына
жазылған, балаларға
арналған, қазақ ауыз
әдебиеті арқылы
қалың көпшілікке
таныс «Алдар көсе»
ертегісі бойынша
сахналанған балет
көрсетіледі.**

Алдар көсе – бұл қазақтың
Робин Гуды іспеттес.
Жарлыларға қолшын созу,
сараң байларды айлакерлікпен
тақырға отырғызу оның
күнделікті шаруасы.

Абай атындағы Қазақ
ұлттық опера және балет
театрының сахнасында сан
түрлі бояу, кимыл мен музыка
бір арнаға тоғысқан жарқын
туынды көрермен қауымды
ғажайыптар әлеміне жетелеп
әкететіні сөзсіз. Ала-құла өмір
бұлтарыстарына қарамастан,
үлкен жүрегі бар кішкентай
Алдар жайлы баяндайтын бұл
оқиға махаббат пен
жанашырлықтың ғаламат күшін
көрсетеді.

Театрдың сахнасында 30
жылдан астам уақыт бұрын
көрнекті қазақ балетмейстері
Ментай Тлеубаев қазақ компо-
зиторы Алмабек Мейірбековпен
бірге «Алдар көсе» балетін
бастаған еді. Өкінішке орай,
балеттің музыкасы аяқталмай

қалған. Араға 30 жыл салып,
аталмыш балетті көрермен
назарына ұсыну көрнекті балет-
мейстер Ментай Тлеубаевтың
ұлы әрі ізбасары, Жапония
балет театрының жетекші балет
солисі, балетмейстер, Майлен
Тлеубаевтың еншісіне бұйырды.

А.Мейірбековтың ғажап
әуезді музыкасы қоюшы-
режиссер Майлен Тлеубаевтың
киялындағы барлық кейіпкерлер
мен сюжетін керемет суреттейді.
Музыкасы жаңа қойылымның
мән-мағынасының тереңдігін
ашуға, кейіпкердің көңіл күйін
көрерменге жеткізуде айрықша
орын алады. Жаңа қойылым
музыканың алғашқы әуені
естілген сәттен өзінің сұлулығы-
мен көрермен көңілін баурап
алады. Декорациялар мен
костюмдер ұлттық нақышты
бейнелесе, хореографиясы мен
әртістердің актерлік шеберлігі
ертегіні нағыз ғажайып әлемге
жетелейді.

Жаңа жыл қарсаңында өз
көрермендерімізді, әсіресе,
кішкентай көрермендерімізді
эсерлі іс-қимылдан құрылған
нағыз отбасылық спектакльге
шақырамыз.

**Спектакль 2-3
желтоқсан күндері
Абай атындағы
ҚазҰОБТ-да
(Қабанбай батыр
көшесі, 110) болады.
Басталуы – 18.00.**

Е.ЕРІАНҰЛЫ.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

Өткен жолы айтқанымыздай, қарашаның 23-і күні «Мерген жұлдыз» шоғыры төрге озып, төбеге шықты. Түнгі сағат 11 мен 12-нің аралығында ай сүттей жарық болды. Құрамында «Мерген жұлдыз» орналасқан «Құс жолы» аспанның оңтүстігінен көрініп, мыңдаған жұлдыздар көктің жүзін ерекше нұрға бөледі. Таңғы сағат 5-те «Құс жолы» сол құрамымен батыстан бой көрсетті... «Мерген жұлдыз» аясында өмірге келгендер – өте ашық, бауырмал болады. Олар әр ісін адал, еш арамдықсыз жасайды...

Сәрсенбек БЕКМҰРАТҰЛЫ

Міне, енді бір күннен кейін қолданыстағы күнтізбе бойынша Желтоқсан айы басталады. Ол – қыстың алғашқы айы. Атының өзі айтып тұрғандай, «жел» және «тоқсан» деген екі сөздің қосындысынан шыққандығы аңғарылып тұр. Өткенге көз жүгіртсек, ежелгі түріктер де жел айы деп атаған. Пайым бойынша, осы айда қыс күшіне енеді. Боран соғады. «Күннің тоқырауы» орын алады. Желтоқсанның 22-сінде күн барынша қысқарады.

Айда болатын амалдарды «Қырбастың қызылы» амалы бастайды. Ол желтоқсанның басында болатын алғашқы аяз. Ал айды «Текенің бұрқылы» (бұрқағы) амалы аяқтайды. Желтоқсанның соңғы онкүндігінде

ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ КЕЛГЕНДЕ...

Айды «Қырбастың қызылы» бастап, «Текенің бұрқылы» амалы аяқтайды

соғатын осы боранда киіктің матауы жүзеге асады...

Осы айдың оныншы жаңасынан бастап «Ақырап» амалы кіреді. Бұл амалды бұрынғылар «сары қар» деп те атаған. Өйткені, осы кезде қар қиыршықталып, қатты әрі нығыз болып жауған. Амал кезінде күзеулікке қалың қар түсіп, сүренсіз тіршілік басталатын болған, ата-бабаларымыз соғымдық малдарды шығынға ұшыратпау үшін алдын ала қыстаулыққа жіберіп отырған.

Амал кезінде: қар жауады, күн суытады. «Ақырап ақырып келді, қарлы боранын шақырып келді» деген мақал амалдың осы «мінезіне» қарай айтылса керек. Бабалар жорамалы осылай дейді. Кезінде сол айтқандары болған. Соңғы уақытта табиғат тепеңдігі сақтала бермейтіндіктен, болжамдар айна-катесіз келіп жатқан жоқ.

Биыл – Қоян жылы. Ол өзі кішкентай болғанымен, ашуы мол, сергек те, сақ аң. Қазақ қоян жылын аса ұнатпаған. Сақтықпен қараған. Бірде – күт, бірде – жұт болып келіп отырған. Тарихқа жүгінсек, әсіресе соңғысы көп кездеседі. Жыл басталғалы елімізде табиғат апаттары аз орын алып отырған жоқ. Алматы мен оның маңайының өзінде талай табиғи сұрапылдар болды.

Дегенмен, биыл Алматыда айтарлықтай қыс әлі басталған жоқ. Алатаудың шыншатқалдарына, жота-белдеріне арақидік қар жапалақтағанымен, қалада көрініс бермеді. Бүгін қолданыстағы Григориан күнтізбесі бойынша, қарашаның – 30-ы, ай бойынша – 16-сы, ал қазақша есепке сүйенсек, айдың – 2-сі. Апта айдың басын, ортасы мен соңын түгелдей қамтып тұр. Бұл жоғарыда айтылған болжамдардың кейбірі көрініс беретініне айғақ болғандай...



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Бұлтқа қарап жасалған жорамал:

- * Бұлт желге қарсы көшсе, кешікпей қар жауады.
- * Бұлт ортасынан ыдыраса, күн бұзылады.
- * Бұлт шетінен ыдыраса, ауа райы жақсарады.
- * Бұлт көкжиектен будақтала көтеріліп, іле-шала көрінбей кетсе, қатты жел тұрып, аяз болмақ.
- * Бұлт өркештеліп көтеріле берсе, соңы қар болады.

ӨМІРДІҢ ӨЗІ

АЛЬЦГЕЙМЕРМЕН АЛЫСҚАН АПА

Жұма күні жұмыстан кешірек қайттым. Әлі күн ұясына батпаса да, аспан қызыл-қою түске бояла бастаған. Әдеттегіңше, аялдамаға барып, «Citybus» арқылы автобустың қайда келе жатқанын қарадым. Сөйтіп тұрғанымда, көрші тұрған апаға еріксіз көзім түсті. Ол анасын жоғалтқан баладай, әрі-бері өткен адамдардан бірдеңені қайта-қайта сұрап тұр екен.

Досбол АТАЖАН

Байқасам, Алматының асыққан адамдары жөн сұраған апаға мардымсыз жауап беріп өтіп кетеді. Тіпті, кейбірі зейнет жасындағы бұл кісіден ат тонын ала қашады. Сөйтіп тұрғанымда, апа менің көзқарасымды байқаса керек, маған қарай жылдам басып, әңгімесін бастап кетті:

- Балам 7-микрорайонға қалай барсам болады?
- Жетінші дейсіз бе? Қазір телефоннан қарап берейін.
- Е-е... жеті ме өзі, сегіз бе? Ұмытып қалғаным...
- Ұмыттым дейсіз бе? Апа, адасып қалғансыз ба?
- Балам, мына жерден қандай автобуспен бара аламын?
- Апа, нақты қайда баруыңыз керек? – дей бергенімде, бейтаныс апаның қалтасынан телефон шырылдай қалды. Ол кісі телефонын алып, «әй, білмеймін» дегендей басын шайқады да, қолындағысын маған ұсынды:
- Әй, балам, бері кел. Сөйлесші.
- Алло, иә, айта беріңіз, – дедім мен телефонды ала салып.
- Алло, бауырым, апаң естігенін қазір айтып, қазір ұмытады. Бір көмегіңді беріп жіберші. Мен саған мекен-жайымызды айтайын, таксиге салып жібере аласың ба? Өзіміз күтіп, ақшасын төлейміз.



Мен «жақсы» деп жауап бердім де, көлік шақыруға кірістім. Бірақ жұманың кешінде жұмыстан қайтқан адамдардың қарасы көп болды ма, такси табу оңайға соқпады. Бір жағы табыла кеткен көліктің сұраған құнына көңілім толмады. Сондықтан әлгі кісіге бұл жолы өзім хабарласып, автобуспен апаратынымды айттым да, күтіп алуды өтіндім. Ол келісім бергеннен кейін бейтаныс апамен бірге 25-ші троллейбусқа мініп кеттік.

Қоңырау шалған кісі тура айтпаса да, бұл кезде беті-қолы суықтан қызарып қалған әжейдің Альцгеймер ауруына шалдыққанын ұқтым.

1906 жылы неміс психиатры Алоис Альцгеймер анықтаған аурудың мәні – мидың шаршауынан адам есте сақтау қабілетінен айырыла бастайды. Мұндай диагнозы бар адамдар көбіне бала мінезді болып келеді екен. Мен кездестірген апаның түрі сұсты болғанымен, іс-қимылы шынында баладай-ақ. Әп-сәтте қайда бара жатқанын ұмытып, орта жолда түсіп қалмасын деп Зейнеп апаның (шын есімі емес) жанынан бір елі ажырамай әңгіме айтуға кірістім. Айтылған әңгімеміз тез ұмытылып отырғанымен, ол кісі туралы біле бастадым. Зейнеп апа математик екен,

әке-шешесі де математик болған. Жас кезінде жұмысына беріліп, отбасын құрмапты. Өлгі хабарласқан інісі екен, апамыз сол кісінің үйінде тұрады. Әңгіме үй туралы болған тұста «інім ренжитін болды, інім ұрсатын болды» деп уайымдап кетеді. Бірақ ол уайымы да тез ұмытылады. Ара-тұра мен туралы сұрап отырды. Атымды, жасымды, қызметімді қанша сұраса, ерінбей сонша жауап беруге тырыстым. Жолда жолығып, автобуста әңгіме айтқан жігіт бүгінде ол кісінің есінде қалды ма, маған белгісіз...

Зейнеп апаның аялдмасына жете бергенде «тырс» етіп, троллейбус тоқтай қалды. Жүргізуші кабинасынан шығып, көліктің бұзылғанын, ары қарай жүрмейтінін айтты. Сондықтан қоғамдық көліктің бірін екіншісіне ауыстырып, қажетті аялдамаға келдік. Бұл маң апаның есіне түссе керек, бір жаққа жүре жөнелді. Мен мән-жайді сұрай бергенімде, жанымызға бізді байқаған Зейнеп апаның інісі келді. Ол кісі маған алғыс айтып, қолыма біршама тиын ұстатты да, Зейнеп апаны ертіп тез басып жүріп кетті. «Қажет емес» дегеніме қарамады. Ал мен ақша алғанды айып көріп біраз тұрдым.

ТҮЙІН:

Бұл әңгіме мақтан мақсатында емес, алматылықтарды мейірімге шақыру үшін жазылды. Альцгеймермен алысқан апаман бөлек бұл алып шаһарда неше түрлі тағдыр бар. Сондықтан алдымызға көмек сұрап келген адамнан айналып өтпейік. Күнделікті күйбелеңмен адамдықтан ажырамайық. Әл-Фараби жазған «қайырымды қала» құру үшін кішкене жақсылықтың өзі жетеді.